

ЗАН

№6 | 2025



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
ЖУРНАЛ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
ЮРИДИЧЕСКИЙ НАУЧНО-
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

ZANMEDIA.KZ

Кирилл ДЕСЯТНИЧЕНКО, Қызылорда облысы жеке сот орындаушылары
өңірлік палатасының басшысы:

**«АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ
ЖҮЙЕЛІ ЖАЛҒАСУДА»**

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

№6 | 2025

МЕНШІК ИЕСІ:

«ЗАҢ» Медиа-корпорация»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Редакторлар кеңесінің
төрағасы - директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

АХПАНОВ А.,

д.ю.н., профессор

АЙТХОЖИН К.К.,

д.ю.н., профессор

ӘБДІРАСҰЛОВ Е.

з.ғ.д. профессор

БОРУБАШЕВ Б. з.ғ.д.

профессор (Қырғызстан)

МАУЛЕНОВ К.

д.ю.н., профессор

СӘБІКЕНОВ С.,

з.ғ.д. профессор

ДОСАЛИЕВ Қ.,

з.ғ.д. профессор

ШУМИЛОВ В.,

д.ю.н., профессор,

заведующий кафедрой
Всероссийской Академии
внешней торговли

РЕДАКТОРЫ

Түймегүл ИБАШЕВА

МАЗМҰНЫ

Кирилл Десятниченко, Қызылорда облысы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының
басшысы:

«АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖАЛҒАСУДА»

Т. СМАҒҰЛҚЫЗЫ

3

Мәскеу императорлық университеті, заң факультетінің студенті

Жанша Досмұхамедұлы Досмұхамедовтың кандидаттық жұмысы

9

Растущее влияние Китая: опасность или благо?

М. Ақмади

17

Жоғары оқу орындарының әлеуметтік серіктестігін құқықтық реттеу

Г. ҚУАНАЛИЕВА,

Н. БАБИШЕВА

19

Кодекс нормалары теңдік қағидатына негізделген

Б. ШАНКЕРЕЕВ

23

Ясауи мұрасының ұлттық рухани жаңғыру үдерісіндегі өзектілігі

Ә. БІЛДЕБЕКОВА

25

Влияние искусственного интеллекта на обучение иностранному языку

Ж. НУРМАХАНОВА

28

Рассмотрение иска в уголовном процессе: теоретические
и практические аспекты

А. ТУКУБАЕВА

30

Салықтық міндеттемелерді қамтамасыз ету

Г. РАШЕВА,

Д. УСЕНБАЕВА

32

Когда память лжет: как стресс превращает в лжесвидетелей

К. АХМЕТОВ

36

Татулықты сақтаудың кепілі

Б. ЕСЕНБАЕВ

38

В порядке суброгации

С. МАМАНОВА

40

Тәртіп сақшысы — халық айнасы

М. ФАЗЫЛОВА

42

Ұлылықты дәріптеу ұрпақ парызы

С. НӘСІЛЖАНҰЛЫ

45

Кирилл ДЕСЯТНИЧЕНКО, Қызылорда облысы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының басшысы:

«АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮЙЕЛІ ЖАЛҒАСУДА»

Елімізде «цлтым басқа болса да жаным қазақ» дейтін жерлестеріміз жоқ емес, баршылық. Солардың бірі Кирилл Десятниченко, Қызылорда облысы жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының басшысы. Кирилл Викторович атқарушылық құжаттарын орындау саласының майталманы, 25 жылға жуық уақыттан бері аталған сала жұмысының жандануына бар күш-жігерін жұмсап келеді.

Қазаққа жиен Кирилл Викторович Сырдария ауданының Тіреңөзек кентінде туып-өсті. Орыс сыныбында оқыды, алайда, ол ана сүтімен дарыған қазақ тілін өзінің ана тілі санайды. Қызылорда қазақи өңір, облыс халқының дерлігі, орыс, кәріс, т.б. болсын мемлекеттік тілге басымдық береді.

Кирилдің отбасында да қазақ тілі бірінші орында. Оның қазақша еркін сөйлеуіне алдымен анасының, одан кейін өскен ортасының әсері мол. Ол Қызылорда «Болашақ» университетінің түлегі. «Еңбегіне қарай – өнбегі» демекші, Кирилл Викторовичтің еңбегі еленбей қалған жоқ. Кирилл Десятниченко «Атқарушылық құжаттарды орындау жұйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалінің иегері. Сонымен қатар, ол көптеген Құрмет грамоталарымен, Алғысхаттармен марапатталған.

Сот актілері сапалы орындалғанда ғана халықтың соттарға сенімі нығаяды десек, осы ретте еліміздің жеке сот орындаушылары тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар қиан-теңіз. Әрине, бұл қатарда қызылордалық жеке сот орындаушылар да бар.



– Кирилл Викторович, ресми мәліметтер елімізде алимент төлемей жүрген борышкерлер қарызы 7 млрд теңгеге жеткенін растайды. Бұл ненің салдары деп ойлайсыз?

– Алимент еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі. Өкінішке қарай, «бауыр еті баласын» асырап-бағудан жалтарушылар саны жылдан-жылға өсуде. Өйткені, ажырасушылар қатары көбеймесе, кеміп отырған жоқ. Әрбір бұзылған отбасында бала тағдыры, алимент мәселесі бар. Менің ойымша, барлық мәселе жауапкершілікке келіп тіреледі. Отбасының, ұрпағының алдындағы жауапкершілікті сезінетін ата-аналар соттың шешіміне қарамай-ақ, баласына көмектеседі, олардың ертеңіне алаңдайды.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің талабына сәйкес, ата-аналар кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Соған орай, ажырасқан ерлі-зайыпты баласы кәмелет жасқа толғанша алимент төлеп, қамтамасыз етуі керек. Егер баласы колледжде немесе жоға-

ры оқу орнында оқыған жағдайда алиментті 21 жасқа толғанша төлейді. Ата-аналық құқығынан айырылған адам да алименттен құтылмайды.

Конституцияда «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» екені айқын жазылған. Сонымен қатар, Ата Заңда кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалардың еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасау міндеті де белгіленген. Яғни, ата-ананың бала алдындағы, баланың ата-ана алдындағы жауапкершілігі заңмен реттелген. Қазақ халқы заңнан да жоғары құндылықтарды «ұят болады, обал болады, сауап болады» деген үш ауыз сөзбен ұғындырған. Осы себепті, балаға қатысты тәлім-тәрбиеге әрбір азамат аса мән беруі керек.

– Баласын асырап-бағудан жалтаратын ата-аналарға заңмен қандай жаза түрлері қарастырылған?

– Мемлекетімізде алимент мәселесін шешу үшін борышкерлерге қатысты жаза





түрлері күшейтілуде. Дегенмен, алимент өндіру процесінде азаматтардың құқықтық сауаттылығы да маңызды рөл атқарады. Арызданушы міндетін орындамаған борышкерге қарсы заң аясында барлық мүмкіндікті пайдаланып, өз құқығын қорғауы қажет. Өйткені, сот шешімі шыққаннан кейін үш жыл ішінде борышкер төлем жасамаса, қарызды өндіріп ала алмайды. Сондықтан, алимент алу үшін сотқа ертерек жүгіну керек.

Алимент өндіру туралы атқару өндірісі әрқашан айрықша назарда және бақылауда, оларды нақты орындау үшін барлық шаралар жасалуда. Кейбір борышкерлер жұмыссыз, енді біреулері табысын жасырып, төлем жасаудан жалтарады. Алиментті қасақана төлегісі келмейтіндерге әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктер қарастырылған. Мысалы, олардың банктік шоттары бұғатталып, ел аумағынан шығуға тыйым салынады. Сондай-ақ, жүргізуші куәлігі уақытша тоқтатылады, нотариаттық әрекеттер жасау мүмкіндігі шектеледі. Әкімшілік

құқық бұзушылық туралы кодекстің 669-бабымен сот шешімін, оның ішінде алимент төлеу жөніндегі міндеттерді орындамағандар жазасы белгіленген. Жиырма айлық есептік көрсеткіш айыппұл салынып, жиырма тәулікке қамауға алынуы мүмкін.

Қылмыстық кодексте көрсетілгендей, алимент төлеу мерзімін кешіктіргендерге – 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе екі жылға дейін шектеу немесе бас бостандығынан айыру сынды жаза түрлері қолданылады.

Алимент жалақы берілген соң үш жұмыс күнінен кешіктірілмей аударылуы керек, бұл процесті біз үнемі бақылауда ұстаймыз. Төлем жасамаған борышкерге мүлкін тәркілеу немесе қылмыстық іс қозғау бойынша шаралар қабылданады. Нақты айтқанда, борышкер алиментті үш айдан аса төлемесе ҚР Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес, 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмысқа тартылады, екі жылға дейін бас бостандығы шектеледі немесе осы мерзімге бас бостандығынан айырылады. Айтып өтерлігі,

аталған бап бойынша қылмыстық іс өндіріп алушының жеке айыптау шағымының негізінде қозғалады.

– Заңға сай, алиментке тағы кімдер құқылы?

– Заң бойынша алимент тек балаларға төленбейді. Ерлі-зайыптылар бірін-бірі материалдық жағынан қолдауға міндетті. Сондықтан, ерлі-зайыптының бірі еңбекке жарамсыз, жүкті не бала туғанына 3 жылдан аспаса, мүгедек баланы бағып отырса, алиментке өтініш бере алады. Бұдан басқа, біреудің қамқорлығында немесе патронат тәрбиедегі, сондай-ақ, асырап алынған балалар да алиментке құқылы.

– Қызылорда облысында алиментке қатысты істер аз еместігін ресми деректер көрсетіп отыр, жалпы, сот орындаушылар жеткілікті ме?

– Қызылорда облысында алимент өндіріп алу бағыты бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Бүгінгі таңда облыс аумағында 72 жеке сот орындаушы қызмет атқарады. Оның ішінде алимент санатындағы атқарушылық өндірістермен тиімді айналысу мақсатында Қызылорда облысының Жеке сот орындаушылар өңірлік палатасы тарапынан бірқатар нақты шаралар қабылдануда.

Мысалы, 2022 жылдың 26 шілдесінде палата бастамасымен қала аумағында арнайы Алимент кеңсесі ашылып, алимент істеріне бағытталған жеке сот орындаушылардың шоғырландырылған жұмысы ұйымдастырылды. Кеңседе А.Қасымов, Т.Алдабергенов, Е.Хабылов, Е.Баян, А.Аукенов, Э.Тайман, А.Жарасова, А.Байғараева сынды жеке сот орындаушылар жұмыс істейді. Қазіргі таңда әрбір сот орындаушының өндірісінде 700-ден 1500-ге дейін атқарушылық іс бар.

– Жұмыс барысына нақтырақ тоқталсаңыз?

Бүгінде алимент өндіріп алу санатындағы 13 206 атқару құжатының 606-сы толық аяқталды. 12 624 құжат орындалу сатысында. 3839 құжат мерзімді төлемдер бойынша атқарылуда, 4 516 борышкер алиментті өз

еркімен төлеп жатыр. Алайда, өндірістегі 1 755 (13,9%) проблемалық құжаттың жалпы берешегі 400,5 млн теңгені құрайды. Оның ішінде 1527 құжат бойынша 3 айдан астам берешек 255,0 млн теңге жиналып қалды. 228 құжат бойынша мүлдем төленбеген алимент сомасы 145,5 млн теңгені құрап отыр.

– Алимент төлегісі келмейтін борышкерлерге қандай шаралар қолданылуда?

– Алимент төлеуден жалтарып жүрген борышкерлермен күрес үздіксіз жүргізілуде. Мысалы, 379 борышкер Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 669-бабының 1-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар, 87 борышкерге қатысты материал Қылмыстық кодекстің 139-бабымен қылмыстық қудалау органдарына жолданды. Соның нәтижесінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне (СДТТБТ) 27 материал тіркеліп, 18 қылмыстық іс сотқа жіберілді. Сот үкімімен 18 сотталушыға бір жыл мерзімге бас бостандығынан шектеу жазасы тағайындалды.

Алимент өндіру жұмыстары тек заңдық жазалау шараларымен шектелмей, әлеуметтік бағытта да белсенді жүргізілуде. Алиментті уақытылы төлеу үшін жұмысқа орналасуға ниетті азаматтарға жұмыспен қамту органдары арқылы көмек көрсетілуде. Өйткені, борышкердің тұрақты табысы мен мүлкінің болмауы алимент өндіруде басты кедергі саналады.

2024 жылы борышкерлерге арналған «Бос орындар жәрмеңкесі» алты рет өткізілді, нәтижесінде 107 борышкер жұмысқа орналастырылып, 251,8 млн теңге алимент берешегі өндірілді. Бұған қоса бір тұрғын үй мен төрт жер телімі алимент қарызы есебінен өндіріп алушылардың атына аударылды.

Биылғы жылдың қаңтар айында 16 840 688 теңге алимент өндірілді. Бұл бағыттағы жұмыс Жеке сот орындаушылар өңірлік палатасының ұдайы бақылауында. Борышкерлерге лицензиялар, рұқсаттар мен ар-

найы құқықтарды алуға және пайдалануға, сондай-ақ, өз мүлкін басқаруға шектеулер қойылуда.

Алдағы уақытта да алимент төлемдерін өндіру ісін күшейту, балалардың заңды құқықтарын қорғау және борышкерлердің жауапкершілігін арттыру мақсатында жүйелі шаралар жалғаса береді.

– Мекенжайы белгісіз борышкерлерді іздеуде қандай қиындықтар болады?

– Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы заңның 45-бабына сәйкес, борышкерді табу мүмкін болмаған кезде ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі арқылы борышкерге іздеу салуды жариялау туралы қаулымен атқарушылық құжат орындалатын жердегі прокуратураға жүгінеміз. Іздеу салуды прокурордың санкциясымен ішкі істер органдары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет,

экономикалық тергеу қызметі жүзеге асырады. Мұндағы ең басты қиындық, уақыттан ұтыламыз. Яғни, сот шешімін орындау мерзімі созылып кетеді. Борышкерді тапқан күннің өзінде жұмысы жоқ болады, мұның өзі үлкен мәселе.

– Белгілі адвокат, Мәжіліс депутаты Абзал Құспан «Жеке сот орындаушылар кәсіпкер сияқты, көп ақша түсетін жерде жүреді» дейді, сонымен қатар, депутат алиментті мемлекетке қайтару керектігін айтты. Сіздің бұл пікірге көзқарасыңыз қандай?

– Жеке болсын, мемлекеттік болсын сот орындаушылар заң шеңберінде жұмыс істейді. Өзінің жұмысын дұрыс атқармағандар жауапкершілікке тартылады. Сондықтан, мәселе алименттің жеке немесе мемлекеттік сот орындаушысында болуында емес. Мәселе, борышкерлердің жауапкершілігінде. Жұмысы, көлігі, қандай да бір



мүлкі жоқ, шетелге шықпайтын борышкерлерге мәжбүрлеу шараларын қолданып, жазаға тартқанымен нәтиже болмайды. Тұрғызған жұмыстан шығып кететін борышкерлермен жұмыс істеу тіпті қиынға соғады. Осы себепті, алимент мәселесі қоғамымызда өзектілігін жоймай отыр.

Жеке сот орындаушылар атқару құжаттарын бөліп-жарып жатпайды, олардың әрқайсысын жедел әрі сапалы орындауға бар күш-жігерін жұмсайды. Себебі, жеке сот орындаушының әрбір әрекеті қатаң бақылауда. Мысалы, жеке сот орындаушылардың қызметіне бақылауды Әділет министрлігі мен оның аумақтық органдары, сондай-ақ, жеке сот орындаушыларының республикалық және өңірлік палаталары жүзеге асырады. Бұған қоса прокуратура органдары да бақылап, шағымдар негізінде жоспардан тыс тексерулер жүргізеді.

Жеке сот орындаушысы қызметін өз мүддесіне пайдаланып, зиян келтірсе қылмыстық жауаптылық арқалайды. Сонымен қатар заң талаптарын бұзғаны үшін жеке сот орындаушысы тәртіптік жауапкершілікке тартылады, ал өрескел бұзушылықтар бол-

са, оның лицензиясы тоқтатылады немесе күшін жояды.

Бұған қоса, заңның 170-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жеке сот орындаушыларының Кәсіптік ар-намыс кодексінің және Республикалық палата жарғысының талаптарын бұзғаны үшін жеке сот орындаушыны тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шаралар көзделген. Жеке сот орындаушылар мұның бәрін жақсы біледі.

Атқарушылық құжаттардың тез арада орындалуы соттар мен уәкілетті органдар жұмысына халықтың сенімін арттырады. Жеке сот орындаушылардың көздеген мақсаты осы, яғни, халыққа жылдам әрі сапалы қызмет көрсету арқылы жұртшылықтың мемлекеттің болашағына деген сенімін нық қалыптастыру. Қызылорда облысының жеке сот орындаушылары осы мақсат үдесінен шығу үшін жұмыла жұмыс істеуде.

– **Әңгімеңізге үлкен рақмет.**

**Сұхбаттасқан
Т.СМАҒҰЛҚЫЗЫ,
журналист**

«Қырғыз-қазақ күнделікті құқықтарын жүзеге асырушы органның халықтық соттағы негізгі қаулылары мен оларды қолдану» тақырыбындағы Мәскеу императорлық университеті, заң факультетінің студенті Жанша Досмұхамедұлы Досмұхамедовтың кандидаттық жұмысы 1910 жылы жазылған. Бұл құнды құжат 2024 жылдың маусымында «Жымпиты – Мәскеу» тарихи-танымдық экспедициясының табысы саналады. Кандидаттық жұмыс Сырым Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейінің қор бөліміне табысталып, коллекциялар тізіміне алынды. Музей қорына тапсырған экспедиция жетекшісі, Сырым Датұлы атындағы – тарихи өлкетану музейінің меңгерушісі А.Ойшыбай. Кандидаттық жұмысты аударма жасаған экспедиция мүшесі, Сырым Датұлы атындағы – тарихи өлкетану музейінің экскурсия жетекшісі Т.Отарбаев.

Мәскеу императорлық университеті, заң факультетінің студенті Жанша Досмұхамедұлы Досмұхамедовтың кандидаттық жұмысы

Қырғыз-қазақ күнделікті құқықтарын жүзеге асырушы органның халықтық соттағы негізгі қаулылары мен оларды қолдануы

1910 жыл



Соңғы үш жылда Переселенческий управ-
ленияның экспедициясы құрамында Ақмо-
ла, Торғай және Орал облыстары қырғыз-
дарының шаруашылығын зерттеу кезінде,
үкімет жұмысынан қол босаған уақытта
қырғыз-қазақтардың заңнамалық тұрмы-
сын зерттеуге уақыт бөліп, жеткілікті ма-
териал жиналғанда дәстүрлі құқықтардың
сборнигін шығарамын деген едім. Бұндай
жұмыс құқықтық даму мен орыс правасы-
ның бастапқы кезеңдерінің кейбір қараңғы
тұстарын салыстырмалы зерттеуде құнды
материал болатын еді. Бірақ, статистика-
лық экспедиция жұмыстарынан қол тимеді.
Үйіп төгілген, мерекелік демалыссыз, күніне
10-15 сағаттық үкімет жұмыстарының кесірі-
нен өзім қызығатын дүниелерге уақыт бөле
алмаған едім. Дегенмен, түнгі уақыттары
орыстардың өмірі, Дума туралы, жалпы бұл
статистикалық зерттеу жұмыстарының не
үшін жүргізіліп жатырғанына қызығып, өзіме
жолыққан жергілікті ақсақалдармен әңгіме-

лескенмін. Олардың қызығушылықтарын қанағаттандырып, олардан халық санасындағы кезінде қандай болжамдар болғаны туралы сұрап, дәптеріме жазып алдым. Бірақ материалдардың тым аздығынан дәстүрлік құқықтардың бөлек жинағын шығару мүмкін болмады. Сол себепті әзірге осы жұмысымның ішінде мазмұндап кетуді ұйғардым. Дәстүрлік құқықтардың жинағын жасау менің арманым. Болашақта университет бітіргеннен кейін осы жұмысқа тереңірек кірісемін деп ойлаймын.

Сонымен келесі сұрақтарды (тақырыптарды) баяндаймын:

I. Дәстүрлі құқық түсінігі

II. Қырғыз-қазақтардың дәстүрлі құқығының сипаттамасы. Қырғыздардың құқықтық дамуына негіз болған жан-жақты факторлар.

III. Халық криминалистикасы және азаматтық құқықтық қатынас саласындағы қырғыздардың дәстүрлік құқықтарының кейбір қаулылары

IV. Ертедегі халықтық сот

V. «Дала жағдайы» бойынша халық сотының құрылуы.

Жұмыстың қорытынды сөздері (тарауы) халық сотын сақтап қалу немесе жою мәселелеріне арналады.

Дәстүрлі құқық термині заң әдебиетінің мықты тұлғаларының шығарғаны. Сондықтан бұл тақырыпты олардан көп айта алмаймын. XVIII ғасырда заң шығарушының құдіреттілігіне деген сенім басым болып, дәстүрлі құқықты мүлде мойындамады. Уақыт өте келе Савин мен Пухта мектебінің өкілдері дәстүрлі құқық тақырыбына халықтың рухын ұғу мен заңдылық жұмысының негізі ретінде ақиқат рухы мен күші және ұжымдық құқықтық білімнің таза көрінісі ретінде мықтап ден қойды. (Н.М.Коркунов. *Жалпы теориялық құқық*) Дәстүрлі құқықтың дамығаны соншалық, ғылыми зерттеулер тұрғысынан оның негізгі принциптерін заңға және жазбаша сот пен әдет-ғұрып соттары арасында берік көпір құру тақырыбына енгізу қиын емес. Дәстүрлі құқықтық жеткілікті дамуына қатысты Коркунов тек орыс халқына қатысты

дұрыс жазған. Өйткені алдыңғы қатарлы Якушкин, Ефименко, Пахман, Мухин және басқа этнолог-заңгерлер өз еңбектерін орыс халқының құқықтық көзқарасы мен дәстүрлі-құқықтық норманы жүйелеуге арнады. Бірақ өзге халықтардың дәстүрлік заңнамалары туралы мүлде айтпады деуге де болмайды. Соның ішінде қырғыз халқының. Өзге халықтардың заңдық өмірі мен тұрмысы, соның ішінде қырғыз-қазақтардың далалық заңы ғалымдардың назарынан тыс қалып келді, әлі де қалып келеді. Өйткені заңгер ғалымдар қырғыз-қазақ көшпелілерінің қызықсық, өңсіз, тақыр даласына үңілгісі келмеді. Ғылыми қызығушылық алып келмеді. Бұл ретте Коркунов орынды айтқандай, жазба сот пен дәстүрлі соттардың арасында берік көпір орнату үшін, өзге халықтардың мүжілмеген таза халықтық құқықтық түсініктерін зерттеп, олардың қатысуымен бірге, ойдан шығарылған бюрократиясыз жарыққа шығару қажет. Өйткені ол халықтардың құқығының қалыптасу мәселелерін олардың өздерінен артық ешкім білмейді. Министерстволар мен кеңселерде указдар, уставтар мен регламенттер бірінен соң бірі санаусыз таралып жатыр. Бірақ олар тоқылған өрмек секілді үзіліп жатыр. Ал ғасырлар бойы сыналған халық құқығы көп жылдық жайылған емендей өмірдің соқпағы мен дауылына қарамай өсіп келеді. Халық тұрақты, консервативті. Өз өмір салттарына келген жаңалықты қабылдамайды әрі қорқады. Бірақ өз өмірлерінің негіздері мен ұстанымдарына берік, ертеден келе жатырған мұрасы мен өсиеттерін қырағы сақтап қорғайды.

Өзге халықтардың дәстүрлі құқығын зерттеу ғылыми тұрғыдан маңызды. Якушкиннің пікірінше өзге халықтардың құқықтық әдет-ғұрыптары жалпы құқықты салыстырмалы түрде зерттеуге және орыс халқының әдет-ғұрыптары мен олардың көптеген күңгірт жақтарын жақсырақ түсіндіруге мол материал береді.

Көне заңымызға моңғол-татарлардың үстемдігі азды-көпті ықпал еткені сөзсіз. Біздің ерте замандағы қылмыстық

құқықтық заңымыздың қаталдығы моңғолдардан қалған деген түсінік бар. Бірақ мен бұған сеніңкіремеймін. Себебі, моңғол халықтарының дәстүрлі заңы айтарлықтай қатал болмаған. Филологтар моңғол және түркі тайпаларының ықпалы халықтардың тіліне қатты әсер еткенін алға тартады. Иә, бұның дәстүрлі құқық жүйесіне де әсер еткенін жоққа шығаруға болмайды. Одан кейін Ресей өз иелігінің шекарасын кеңейте отырып, бірте-бірте моңғол және түркі тектес тайпаларды өз қойнауына енгізді. Өзі қосыла отырып, әр халық өзімен бірге өзінің құқықтық түсінігін де қосты. Өйткені қазаны бірге қайнасқан кезде бір халықтың екінші халыққа ықпалын жоққа шығару мүмкін емес. Салыстырмалы зерттеу үшін құқықтық даму, өзге халықтардың, соның ішінде қырғыздардың әдет-ғұрып құқықтарын зерттеудің де маңызы зор, өйткені бүгінгі күнге дейін сақталған қарабайыр тұрмыс жағдайларының арқасында өткен заманның көптеген әдет-ғұрыптары әлі күнге дейін халық жадында сақталады. Тұрмыстың жаңа жағдайына қарамастан әзірге олар (әдет-ғұрыптар) ұмытылмады. Дегенмен заңгер-ғалымдар оларды жазып алып қалу керек.

Қырғыздардың дәстүрлі құқығын әдебиеттерден қарап, тағы да айтамын: қырғыздардың құқықтық тұрмысы ғылым әлеміне әлі таныс емес деуге болады. Қырғыздардың өмірінің тұрмыстық жағына арналған бірнеше жақсы еңбек бар. Олар: Левшиннің «Описание киргиз-кайсацких орд и степей. III том», Гродекованың «Киргизы и каракиргизы Сыр-дарьинской области», Арминий Вамберидің «Путишествие по Средней Азии». Соңғысы бірақ заңгер емес филолог болатын. Ал, Радионов «Образцы народной литературы тюркских племен» еңбегін халық поэзиясын зерттеуге арнады. Қырғыз халқының халқы соты туралы Крафттың «Судебная часть в Туркестанском крае», Добросмыслованың «Суд у киргиз Туркестанской области в XVIII и XIX веках», Словохотовтың «Народный суд обычного права киргиз Малой орды», сондай-ақ журнал беттеріндегі бірнеше мақала-

лар: Н.Максомов «Журнал СПб юрид. Общ. Книга 7-ая 1897 г.», Дингельштад «Журнал гражданского и уголовного права. 1892 г. Январская книга», А.Зуев «Журнал министерства юстиции. Декабрь 1907 г.; 1908 г.» тағы басқалар. Одан әрі қарай қырғыздар туралы жалпы мағлұматтар Д.Самоквасованың «Сборник обычного права сибирских инородцев», Гурляндтың «Степное законодательство с древнейших времен по 17 столетие» еңбектерінде атап өтіледі. А.Н.Харузин қырғыздардың шығу тегі туралы 1895 жылы «Этнограф. Обзор/26 книга» мақаласын жазды.

Қырғыздар туралы бұлардан да бөлек аздаған жазбалар бар. Бірақ бұларға тоқталудың қажеті жоқ. Аталған жұмыстардың әрқайсысына егжей-тегжейлі сыни баға беруге тоқталмай-ақ, біз олар туралы жұмсақ айтқанда, көптеген қателер бар екенін айтуымыз керек. Бұл еңбектердің көбі алғашқы әсермен жазылып, субъективті баға беріп тұр. Бұл оларға ғылыми жұмыстан гөрі авантюризм сипатын береді. Сондықтан қырғыз тұрмысын жақсы білетіндер ғана ненің ақ, ненің қара екенін аңғара алады.

Бергі ғасырларда қырғыздардың дәстүрлі құқығы қандай болғанын болжау қиын емес. Қарапайым патриархалдық рулық өмір сияқты, монотонды көшпелі өмір болды. Императорлық географиялық қоғамның Орынбор бөлімшесінің ашылуы кезінде Орынбор генерал-губернаторы Крыжановский қырғыздардың өмірін Авраамның өмірімен салыстырып, XIX ғасырдың қырғыздарының тұрмысы мен библия заманының адамдарының тұрмысынан көп ұқсастық тапқанын айтқан-ды. Генерал асырып айтып жіберген де болар. Бірақ, оның сөзінде шындық бар. Соңғы бірнеше онжылдықта қырғыздардың өмірі түрлі әсерлерге ұшырай бастады. Бір жағынан шарифат болса, екіншіден орыстардың қол астында ұзақ болуынан қырғыздардың құқықтық көзқарасы өзіне орыс правасын сіңдіре бастады. Ескі әдеттермен аста-сып жатқан бұл кірме заңдар қазіргі халық құқығына көптеген шатасулар мен

күрделіліктер енгізді. Бұл жазбаларда да, «Далалық өлкелердегі қырғыз халық сотын қайта құруда» да айтылған.

Көптеген дала зерттеушілері бұл шатыспа жағдайды қырғыз-қазақтардың нормасы, қырғыз халқының конгломераттық құрылымымен түсіндіреді. Яғни, қырғыздардың қарлы Алтай мен Еділдің арасында көшіп жүріп түркі, моңғол тайпаларының, басқа да халықтардың әдет-ғұрпы мен өмір сүру заңдарын өзіне қабылдай беруімен түсіндіреді. Бірақ, мұнымен келісе алмайсың. Біріншіден, қырғыз халқының конгломераттық құрылымы өте даулы. Қырғыз халқында орыстардан артық жат қаны жоқ. Бәріміз білетіндей орыс ұлтында татар, поляк және басқа халықтардың қаны бар. Бірақ, орыс халқының конгломераттық құрылымын ешкім мойындамайды.

Қырғыз халқының қайдан шыққанына жауап таба алмаған зерттеушілер олардың конгломераттық құрылымын құрған еді (*Паллас, Левшин, Мейер. Киргизская степь. Оренб.Вед. 1865г; Красовский. Область сибирических киргизов*). Біреулер қырғыздарды араб жерінен шыққан десе, енді біреулері месопотамиялық деді. Ал қырғыздардың шығу тегін зерттеумен арнайы айналысқан Харузин: «Ғасырларға созылған ғұмырында көне түркілер қайта-қайта бөлшектеніп, бірнеше жаққа шашылып, қайта біріктірілді. Кейіннен қырғыз ордаларының қазіргі топтары құрылды», – деп топшалады.

Біздіңше, қырғыздар татар руларының бірі. Бұл ойға бізді мынадай жағдайлар жетелейді: Алтын Орда кейде Қыпшақ Ордасы деп те аталды. Ал қыпшақтар орта жүзге кіретін және Торғай облысының оңтүстік-шығыс бөлігін және Ақмола облысының солтүстік бөлігін мекендеген қырғыз руларының бірі. Қырғыздардың батырлық эпостарында хан Мамай қырғыздардың өз ханы ретінде дәріптеледі.

Қырғыздар татар руларының бірі ретінде Ресейді жаулауға сөзсіз қатысқан деп есептейміз. Ал содан кейін татарлар Еділ сағасына қоныстанып, Алтын немесе Қыпшақ Ордасын құраған кезде, олардың біразы көшпелі өмір толқынына қосылғысы кел-

мей, бөлініп, өзбек атын жамылып, Жайық арқылы Жоңғар қақпасына қарай кері қоныс аударды.

Өзбек сөзіне филологиялық талдау жасай отырып, оның «ұз» және «бек» деген екі бөлімнен тұратынын байқаймыз, бұл татар және қырғыз тілінде өзі бек немесе қожа деген мағынаны білдіреді. Сөйтіп, өзін өзбек (яғни, өзі бек әрі қожа) деп атағандар өздерінің рубасыларымен бірге Жоңғар қақпасына қарай бет алады. Бұл жерде өзбектер қайтадан 2-ге бөлініп, бірі көшпеліліктен жалығып, бұрынғы өзбек деген атпен осында қоныстанса, екіншісі қазақ деген атпен Тесік-таудан (Жоңғар қақпасы) Еділге (Волга), Ертіс (Иртыш), Есіл, Тобылдан Ақ-Теңізге (Каспий теңізі) дейін жылжи берді. Қырғыз халқында өзбектердің туыстығына қатысты «Өзбек – өз ағам, сарт – садағам» деген мақал бар. Мағынасы өзбектермен туыстықтың тереңде екенін көздейтін өзбектің өз бауыры, сарттар құрбан бола берсін дегені.

Демек, біздің ұйғарымымыз қырғыз-қазақтар Алтын Ордадан бөлініп шыққан татарлар. Қырғыз-қазақ тілі мен татар тілінің айырмашығы великорустер мен малорустердің тілінің ұқсастығына қарағанда жақын.

Мен негізгі сұрақтан тым алыстап кеттім. Дәстүрлі құқыққа қайта оралсақ, Радловтың мораль мен тіл туралы айтқандары әдет-ғұрыпқа (гадаты) толық сәйкес келетінін айтуым керек. Ол былай дейді: Қай жерде де бір қалыпты сақтайтыны сияқты, бұл даланың тұрғындары да өздері өмір сүріп жатқан елдің шынайы көрінісін көрсетіп, олардың моральдары мен тілінде біркелкілігін сақтайды. Әдет-ғұрыптар (гадаты) туралы да айтуға болады. Олар сондай-ақ барлық жерде дерлік, егер біз бүкіл даладағы құқықтық элементтердің біркелкілігін ескерсек бұл жағы түсінікті нәрсе.

Дала зерттеушілерінің барлығы, соның ішінде Левшин де қырғыз-қазақтардың дәстүрлі әдет-ғұрып құқығына шолу жасауды XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басында билік құрған Тәуке хан құрастырған делінетін «Жеті жарғы» заңдар жинағына

сілтеме жасаудан бастайды. Қазіргі қырғыздардың бұл жинақ туралы да, жалпы Тәуке хан туралы да ештеңе білмейді (естерінде емес).

Зерттеушілердің Тәукенің билік құрған кезеңі туралы деректері тарихи деректермен сәйкес келмейді. XVIII ғасырдың басында ешқандай Тәуке деген хан болған жоқ. Бұл уақыт қырғыздардың Ресей империясына бағынған кезі. Қырғыздар ресми түрде 1737 жылы Ресей құрамына кірді. Кіші Ордада билеуші Тәуке хан деген болды. Бірақ ол XIX ғасырдың басында билік құрған еді. Кейбір ақсақалдардың айтуынша, ол қарапайым хан болған, заң шығару жұмыстарымен айналыспаған. Олар басқа Хан Тәуке туралы ештеңе естерінде де жоқ, білмейді де. Хан Тәуке туралы менің құлшына қойған сауалдарыма аталған үш аймақтың ақсақалдары бірдей жауап берді: ол туралы естіген де жоқпыз, білмейміз де. «Жеті жарығы» (семь светил) немесе «Жеті жарғы» (семь публикаций) деген болды ма болмады ма? Тәуке деген хан билік құрды ма жоқ па? Қалай болғанда да, Левшиннің осы жинақтан («Описание киргизо-кайчацких Орд») келтірген сөздерінің көбін ақсақалдар бұрын-соңды болмаған әдеттер (гадаты) деп растады, сондықтан оларды келтіруді қажет деп санаймын. А.Гурлянд («Степное законодательство с древнейших времен по XII столетие, Обычное право казахов» еңбегінде) «Жеті жарғыда» Шыңғыс ханның Ұлы Яса нормалары, жалпы XVI ғасырға дейінгі ежелгі моңғол жарғыларының нормалары басым екенін айтады. Левшин келтірген «Жеті жарғыдағы» үзінділерге қарағанда, ол қылмыс үшін жазаның теңдігі принципін жүзеге асырған. Осылайша, кісі өлтіргені үшін өлтірілген адамның туыстары да кісі өлтірушінің өмірін қию құқығына ие болады, ал қолын, аяғын немесе құлағын кесіп алған адам сол бір дене бөлігінен айыру жазасына кесілуі керек. Кісі өлтіруші және дене мүшесінен айырған адам талапкердің келісімімен «құн» (*вира*) төлемақысын төлеу арқылы мұндай жазадан босатылуы мүмкін. Ер адам құнының мөлшері – 1000 қой, ал әйелдің құны – 500 қой ғана. Әйел кісінің

құны ердің құнының екіден бірі. Құн дененің зақымдалған мүшесінің маңыздылығына сәйкес анықталады. Мысалы, бас бармақ 100 қойға, шынашақ 20 қойға бағаланған. Сұлтанның (хан ұрпақтары) құны кәдуілгі құнның жетеуіне тең.

Құнды төлеу бірінші кезекте қылмыс жасаған адамның өзіне түсті. Егер қылмыскердің жағдайы жетпеген кезде оның туыстарына, ал соңғысының жағдайы келмесе барлық руластарына артылды. Күйеуін өлтірген әйел өлім жазасына кесілді. Тек жүкті әйел өлімнен құтылып, халық арасында мәңгі қарғауға ұшырады. Баласының қылмысы үшін ата-анасы жазаланбады. Ал, асырап алынған баласын өлтірген әйел өлім жазасына кесіліп отырды. Түсікке кінәлі адам анасына 5 айға дейінгі нәресте үшін әр айға 1 жылқы, ал егер нәресте 5 айдан асқан болса, айына 1 түйе төлеп отырды. Әйелін ойнас жасаған кезде ұстап алғанда, әйелін және оның нақсүйерін өлтірген күйеуі жазадан босатылды. Шыңғыс хан кез келген зинақорлықты өлім жазасына кескен көрінеді, ал «Жеті жарғы» қызды зорлап, келісіп жыныстық қатынасқа түсіргені үшін оны туыстарына қалыңмал төлеп, оның күйеуге мәжбүрлейді. Жеті куәгері бар күпірлік жасаушы таспен атылып, христиан дінін қабылдағандар бүкіл байлығынан айырылады. Егер соңғысын туыстары өлтірсе, онда ол жазаланбады. Гурландтың пікірінше, Шыңғыс хан дін еркіндігіне рұқсат берген, сондықтан христиан дінін қабылдағаны үшін мұндай қатаң жаза (біздің үкіметтің орыстандыруға бейімділігіне қарсы күрес құралы ретінде) пайдаланылмаған сияқты.

Ата-анасына жала жабуға немесе оған қол көтеруге батылы барған ұлды «Жеті жарғы» бойынша жұртшылықтың мазақ етіп, ұрып-соғуы керек. Ондай ұлды қара сиырға отырғызып, бетін құйрығына қаратып, ауылды аралап, қамшымен ұрады.

Мал ұрлағаны үшін ұры ұрлығын қайтаруға міндеттелді. Түйе үшін – төлеңгіт (құл), атқа – түйе, қойға – тай.

Ұрлықтың квалификацияланған түрлері үшін қылмыс құрамы бойынша ақы алынды. Мысалы, күш қолдану арқылы тонағаннан

айыппұл өндірілді. Зорлық-зомбылық үшін – ұрланған тауарлардың барлығын еселетіп төлетті.

Барлық мүлік заңды түрде жалға берушіге тиесілі болды (*Мен сұхбат алған ақсақалдардың айғақтары*). Қол астындағылардың ешқайсысы оның рұқсатынсыз ештеңені иеліктен шығара алмады. Қол астындағылар алғанның бәрі үй иесінің меншігіне өтті (*Өзім жинаған мағлұмат*)

Әкенің балаларына шексіз құқығы болды. Ол өз қалауы бойынша өлтіруге, сатуға, жұмысқа беруге, ұлдарын үйлендіруге, қыздарын күйеуге беруге болатын. Күйеуінің әйеліне шексіз құқықтары болды. Тек оның өмірін кінәсіз қиюға құқығы жоқ. Әйтпесе, әйелдің ата-анасы құн жинауға құқылы болды. Аналары мен жесірлердің балаларға мұндай шексіз құқығы болған жоқ.

Ертеде «Жеті жарғы» бойынша мұрагерлік және қорғаншылық заңы менің жинаған мәліметтерім бойынша өте қарапайым болған. Бұрынғы қырғыздар жазба өсиеттерді білмеген. Олар жиналған туыстарының алдында өлер алды мирасын ауызша айтқан. Мұндай өсиеттер ақсақалдардың айтуынша дәл орындалды. Егер қайтыс болған адам өз мүлкіне қатысты ешқандай нұсқау қалдырмаса, онда мұра оның артында қалған бөлінбеген ұлдарына тең бөлінеді. Оның үстіне марқұмның киіз үйі кенже ұлына өтіп, қалған анасын асырау міндеті оған жүктелді. Тұрмысқа шыққан және күйеуге шықпаған қыздары, сондай-ақ ажырасқан ұлдары мұраға қатыспаған. Тұрмысқа шықпаған қыздары ағаларының бірінің қамқорлығында болды, әдетте шешелерін асырып жатырған ең кенжесінде. Ағайындылар әпке-қарындастарының тәрбиесін өздеріне міндетсіз алды. Өйткені ол табыс көзі еді. Тұрмысқа берген кезде қалыңмалды өздері алатын еді. Егер балалары жоқ адам дүниеден өтсе, оның мүліктері жақын туыстарына өтеді. Егер туыстары да болмаған жағдайда руластарына қалады.

Кәмелетке толмағандар мен психикасы бұзылғандарға қамқорлық күйеуі жағынан ең жақын туыстарына тапсырылды. Әйел-

дердің қорғаншылық құқығы болмады. Өйткені олардың өздері қамқорлықта.

Орал, Торғай, Ақмола облыстарындағы ақсақалдардан жинаған мағлұматым бойынша ертедегі мұрагерлік пен қамқоршылық тәртібі осындай болды. Міне, Левшин «Жеті жарғы» жинағынан алынған «Қырғыз-қайсақ ордасы мен даласының сипаттамасында» келтірген және қазіргі кездің қарияларының жадында сақталған ежелгі қырғыз-қазақ әдет-ғұрпының ең маңызды жарлықтарының бары.

Иә, жалпы алғанда олар көшпелі өмірге толық сәйкес келді және сол кездегі қарапайым міндеттерді қанағаттандырды. Ежелгі әдет-ғұрыптарда жазалау мен қанды кек алудың теңдігі принципі болды, яғни қанға қан. Бірақ мен сұхбаттасқан қарттардың бірауыздан айтқан мәлімдемесіне сәйкес, іс жүзінде барлық істер, кісі өлтіруді қоспағанда, азаматтық қанағаттанумен, яғни құн және гайып (айып) төлеумен аяқталды.

Қарттардың бұл сөзін халықтың мінезі де айтып тұр. Қырғыздар жаратылысынан өте зерделі, әсершіл әрі сезімтал. Толық еркіндік, даланың хош иісті түндерінің сиқырлы сұлулығы, көктемгі табиғат сұлулығының сән-салтанаты – осының бәрі көшпенділердегі бар «жауыздықты тыныштандыру» еді. Оның үстіне жасыл желекті барқыт кілем төселген кең де еркін дала олардың ортақ қызығушылығын оятты. Туыстық қарым-қатынастар, даланың өзі оны мекендейтіндердің барлығын азды-көпті дәрежеде бір отбасының мүшесі деп санауға мәжбүр еткен элемент болды.

Ежелгі әдет-ғұрыптардың ауырлығын атап өтіп, Левшин былай деп жазады: «Егер Руссо қырғыз ордасында бірнеше ай өмір сүрсе, надандығы, дөрекілігі, бейқамдығы, құмарлығының өршуі мемлекетке соншалықты жақын халықты жетік білсе, онда біз оның адамдардың теңсіздігі мен ғылымға зияны туралы пайымдауын оқымас па едік?!». Біздің ойымызша, Руссо 3 ай емес, үш күн немесе үш шілде айының ғажап, салқын, айлы түндерін өткізіп, адамдардың мінез-құлқының қарапайымдылығы мен табиғилығын, барлық өмірдегі жалғанның

азғантай қоспасы жоқ шынайылығын көрген болса, XVIII ғасырдың ұлы философы табиғатпен үйлесімді өмірді уағыздауға құмарлығы арта түсер еді! Өйткені, Руссо үшін маңызды мәселе – өмірдің қайсысы бақытты екендігі, және бұл сұраққа үзілді-кесілді жауап беру өте қиын. Қырғыз көшпенді кең даланы еркін ұшқан құстай бақытты сезіне ме?! Жауап беру қиын. Пропорционалды емес дамыған қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті қауқары жоқ, жүйкесі тозып, ресторандарда жүрген мәдениетті еуропалық ше?!

Енді қырғыз-қазақтардың қазіргі әдет-ғұрпы туралы шешімнің мәлімдемесіне келсек, мен өлім жазасының бұрынғы қатыгездігінен, өз-өзіне зиян келтіруден және масқаралау жазаларынан ештеңе қалмағанын айта кету керек. Олар тарих парақтарына мәңгілікке кетті. Қазіргі қырғыздар халық үкімімен өлім жазасы қолданылған бірде-бір оқиғаны есіне түсіре алмайды. Енді бәрі жәбірленушіге материалдық өтемақы төлеуге, яғни штраф төлеуге келіп тіреледі. Сонымен қатар, төменде «Дала ережелерінде» көрсетілген көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтар халық сотының құзыретінен алынып тасталады. Оларға орыс құқығының нормалары қолданылады.

Айыппұл жүйесі құқық бұзушылықтың сипатына қарай малмен және заттай, немесе құн және ғайып (айып) болып бөлінді.

Бірінші түрдегі қылмыстарға жүкті әйелді өлтіру, зорлау және дене жарақатын салу жатады, ол үшін бір еркектің құны толық төленеді. Бір ердің құны 50-100 түйе арасында, немесе 100-200 жылқы, не болмаса 500-1000 қой арасында болды. Әйелдің құны ердің құнының жартысына тең болды. Құрсақтағы нәрестенің құны сол құнның жартысына теңесті. Адам өлтіріп, оны жасағанның ақысына бөлек 10-20 түйе көлемінде айыппұлы болды. Адамға дене жарақаттарын салу толық құнның $\frac{1}{2}$, $\frac{1}{4}$, $\frac{1}{8}$, $\frac{1}{10}$ тағы сол сияқты бөлігі. Мысалы көз жанарынан айыру мен тілін кесіп алғанға ер құнының жартысы тағайындалды, ал жәбірленуші әйел кісі болса әйел құнының жартысы төлетілді. Адамның оң қолы мен оң аяғын жарамсыз

еткен қылмыскерге толық құнның $\frac{1}{4}$ бөлігі, сол қол мен аяқ үшін $\frac{1}{8}$ бөлігі төлетілді. Қылмыскердің құнды өтеуге жағдайы келмеген жағдайда, міндет оның туыстарына жүктелді. Бірақ әдетте оны бүкіл ру болып төлейтін.

Екінші санаттағы қылмыстар – ұрлық, баукеспелік, барымта, әйел кісіні қорқытып-үркіту кесірінен туған түсік, денсаулыққа кесірі тиетін ауыр зақымдар ғайыппен (айып; шағын айыппұл мағынасында) төленді. Мөлшері үш есе тоғыз, яғни 27 бас ірі қара, ал әрбір тоғыз ірі қараның басында міндетті түрде не түйе, не жылқы болуы керек, қалған тоғызы дауласушылардың келісімі бойынша қойылды. Мал ұрлығы үшін арнайы ғайыптң түрлері бар. Мысалы; «мойнына қосақ», «құйрығына тіркеу» яғни малдың құрығына немесе мойнына қылмыскерді тіркеп байлап жетектеу. Демек, ұры ұрланған затты қайтарумен қатар, екі еселенген, бірақ құны төмен малын төлеуге міндеттелді.

Кәсіптенген ұрыларды кейде барлық мүлкінен айырды. Мұны «шаубалу» деп атайды.

Орташа санаттағы жарақаттар, құрметті ақсақалдың немесе бидің жарлығымен кінәліден «ат шапан» айыппұл салынды. Оның көлемі – бір бас жылқы. Кішігірім бұзақылық үшін, қандай да бір мүлкін бүлдіргені үшін, киіз үйге рұқсатсыз кіріп, шаңырақтың иесін балағаттағаны үшін бір «ат шапан» алынды. Негізі «Степное положение» басылымы шыққан уақыттан бері көптеген қылмыстық құқық бұзушылықтар жалпы соттың қарауына жатады және орыс қылмыстық заңнамасының нормалары қолданылады, бірақ қырғыздар оларды көбінесе билікке жеткізбейді және «гадат» бойынша құн төлеу арқылы өздері татуласады. «Степное положение» редакторларының түсініктемесінде былай делінген: «Шөлді әрі мүлгіген дала көп сырды сақтайды, даланың айдаласында белгісіз қараңғылықта қаншама қылмыс жасырылады, оны тек халық біледі, бірақ орыс билігі білмейді». Мұндай биліктен жасырылған қылмыс жағдайы 1907 жылы Орал облысында болды.

«Құн» екіге бөлінеді: ақ құн және қара

құн (белая вира и черная вира). «Ақ құн» қаза болған адамның жақын туыстарының пайдасына төленді. Ал, «қара құн» марқұмның барлық руластарына кетті. Көбіне «қара құнды» дәл сол мезетте кім қанша мал айдап кете алады соған үлес болып тиеді. Құнды алғаннан кейін, жәбірленуші тарап қылмыскердің киіз үйін қиратып тастайды, бұл кек алу сезімін қанағаттандыру үшін жасалған болуы керек.

Қылмыстық фактіні бағалауда ерік-жігердің, ой мен сезімнің қатысуы ескерілді. Демек, абайсыздықтан, ерік-жігер күшінен тыс болған қылмыстар адамдарды жазалауға әкеп соқпайды, бұны «хаталық» (*қателік-ошибка*), «уакыга» (*уақиға–происшествие без личного участия*), «кудай иси» (*құдай ісі – дело Божьи*) деді. «Кастыкъ» (*Қастық – злой умысел*) қасақана ниет, керісінше, қылмысқа жатқызылып, жауапкершілікті күшейтті. «Ашу устунде» (*Ашу үстінде – внезапный гнев*) және «Напсысене ерды» (*Нәпсісіне ерді – непреодолимое влечение страсти*) заң бұзушының жауапкершілігін төмендететін жағдайлар болып табылды.

Қырғыздар қылмысқа қатысу дәрежесі бойынша ерекшеленбейді. «Кунекеръ», «азгруши», «комекиш» (*күнәһар – главный виновник, Азғырушы – подстрекатель, көмекші-пособник*) барлығы да бірдей дәрежеде жауапты. Бірақ бәрі негізгі кінәліден өндірілді, ол өз кезегінде сыбайластарының айыбын төлеуге көмекке жүгінді.

Қылмысқа оқталу және оған дайындалу жазаланбады. Рецедив, әдетте, жауапкершілікті арттырмайды, бірақ сирек жағдайларда керісінше болады, яғни қайталанғаны үшін жазасы күшейді. Өйткені кәсіпқой ұрылар қоғамнан шығарылды және барлық мүлкі жойылды.

Маған белгілі халықтық криминологияның барлық үкімдері осы. Ол кедей, бірақ, көшпелі өмірдің қарапайым және күрделі емес талаптарын жеткілікті түрде қанағаттандырады деп ойлаймын.

Таза азаматтық құқық нормаларында халық құқығы одан да кедей, бұл, әрине, дала тұрғындарының азаматтық құқықтық қатынастарының қарапайымдылығына сәйкес келеді.

Әкенің балаларына деген бұрынғы шексіз билігінен тек үйленуге және күйеуге шығуға, жұмысқа баруға құқығы ғана қалады, бірақ, балалар да олардан құтыла алады. Сондықтан, жігіттер өздеріне ұнайтын қызды ұрлап әкетіп, қалаға кетіп, губернатордан «қорғауда», жас жұбайларды туыстары мен жақындарының зорлық-зомбылығынан қорғау туралы «бұйрық қағазын» алады. Бірақ, бәрібір қырғыздар арасындағы некенің мәні күйеу жігіттің қайын атасынан сатып алу-сату жөніндегі таза азаматтық мәмілеге дейін төмендейді.

1897 жылғы халық санағы бойынша ғана емес, соңғы жылдардағы көші-қон статистикасы бойынша да қырғыздар арасында әйел жынысынан еркек жынысы басым. Сондықтан әйел алуда үлкен бәсекелестік бар, бұл жоғарыда айтылғандай некеге деген көзқарасты қолдайтын фактор болып табылады.

Ерікті біржақты ажырасу, тіпті уәждемесіз, тек күйеуіне ғана беріледі. Әйелдің ондай құқығы жоқ. Ажырасудың әдеттегі себептері мыналарға байланысты: импотенция – ерлі-зайыптылардың қоздыруға құқығы бар, әйелі тарапынан зинақорлық, күйеуінің зинақорлығы ажырасуға себеп емес. Әйелдің күйеуін қорлауы (керісінше жағдайда емес), күйеуінің жек көруі, ешқандай ауру – ажырасуға себеп болып табылмайды.

Күйеуі әйелінің мүлкіне өз қалауы бойынша еркін билік етуге құқылы. Күйеуі қайтыс болғаннан кейін әйелі өзінің несібесін – «марды» (мәһр) күйеуінің мүлкіне бастапқыда қосылған мөлшерде толық алады. Әйелдің күйеуінің рұқсатынсыз ешбір мүлікке билік етуге, тіпті өзі үшін ештеңе алуға құқығы жоқ. Бағынысты балалардың да әкесінің келісімінсіз оның мүлкіне билік етуге құқығы жоқ. Алғандары әке меншігіне кетеді.

РАСТУЩЕЕ ВЛИЯНИЕ КИТАЯ: ОПАСНОСТЬ ИЛИ БЛАГО?

В последние годы китайская инициатива «Один пояс, один путь» все чаще становится предметом обсуждения не только на уровне политиков и экспертного сообщества, но и среди простых казахстанцев, особенно после активизации проектов в постпандемийный период.



Мелдір АҚМАДИ,
PhD, старший преподаватель
кафедры социологии и социальной
работы, КазНУ им. аль-Фараби

Пока большинство СМИ транслируют данное сотрудничество как взаимовыгодное и дружественное, все громче звучат обеспокоенные голоса некоторых граждан. Казахстанцы задаются вопросами: не угрожает ли усиление китайского присутствия экономической независимости страны? Что будет с экологией, рабочими местами, прозрачностью соглашений? И как следствие, отсутствие ответов на эти вопросы непосредственно влияет на восприятие инициативы.

Чтобы понять, как именно казахстанцы воспринимают данную инициативу, отечественными учеными было проведено комплексное социологическое исследование с итоговым количеством респондентов 2 512 человек. Результаты позволили не только выявить географию доверия и недоверия, но и глубже заглянуть в страхи и ожидания общества по отношению к Китаю и инициативе в целом.

В итоге можно сказать, что в Казахстане китайская инициатива «Один пояс, один путь» (далее – ОПОП) воспринимается далеко не однозначно. Уровень доверия к проекту ниже, чем принято считать. Особенно настороженно к нему относятся жители южных и западных регионов страны, так как в этих регионах до 78 процентов опрошенных выражают негативное отношение к китайским проектам.

Главная тревога казахстанцев заключается в рисках экономической зависимости. Респонденты опасаются, что ресурсы региона будут использованы, а прибыль выведена из страны. Местные жители не верят, что китайские инвестиции улучшат их благосостояние, также опасения усиливаются низкой прозрачностью сделок, рисками коррупции и отсутствием открытого диалога. Вторым значимым фактором обеспокоенности населения является экология, и наиболее высокий уровень экологической настороженности был зафиксирован в Восточном Казахстане. Такая обеспокоенность объясняется рядом причин.

Во-первых, она отражает общее ощущение глобального экологического ухудшения, которое затрагивает многие страны, и в том числе Казахстан.

Во-вторых, население обращает внимание на то, что в Китае как в стране с высокими темпами развития также существуют экологические факторы и это вызывает естественные опасения, поскольку реализация крупных проектов в рамках ОПОП может сопровождаться экологическими рисками и на территории Казахстана, особенно при недостаточной прозрачности.

Исследование также показало, что даже молодежь несмотря на ожидания глобализированного «открытого мышления» чаще выражает негативное отношение, особенно в возрасте 18-25 лет, что связывают с ро-

стом национальной идентичности, а также усилением традиционных и религиозных ценностей.

Еще одна закономерность заключается в том, что чем выше уровень образования, тем более нейтральное или положительное отношение демонстрируют респонденты к инициативе. Личный опыт взаимодействия с Китаем, например, обучение в Китае, работа или поездки в Китай формируют прямую корреляцию с позитивным восприятием ОПОП.

Интересным оказался и следующий результат, где наблюдается значительная разница в восприятии 56 совместных казахстанско-китайских проектов по сравнению с самой инициативой ОПОП, хотя по сути эти проекты являются ее частью. Восприятие самих проектов демонстрирует негативный индекс, в четыре раза превышающий аналогичный показатель по инициативе в целом. Причины заключаются в закрытости информации, плохой коммуникации и низком уровне доверия у населения.

Можно ли изменить ситуацию? Исследование показывает, что открытость, участие местных сообществ и прозрачность могут стать ключами к восстановлению доверия. Казахстанцы не отвергают развитие инфраструктуры или партнерство с Китаем. Но они требуют включенности, контроля и справедливости, и это не политический каприз, а социологическая реальность.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІГІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Еліміздің ертеңі жас ұрпақтың білімді, еңбекқор әрі отаншыл болуы, жастарды адал азамат етіп тәрбиелеу, олардың бойына ізгі құндылықтарды сіңіру аса маңызды міндет екендігіне Мемлекет басшысы Қ.К.Төқаев баса назар аударды [1].



Білімге, ғылымға және инновацияларға негізделген қоғам құруда жоғары білім беру саласының маңызы мен рөлі жыл сайын артуда. Осы тұрғыдан алғанда мемлекет жеке меншік серіктестігінің әкімшілік және ұйымдық тұрғыдан жетілдіре отырып, ЖОО-да түрлі сипаттағы қоғамдық байқау кеңестері немесе қамқоршылық кеңестер құру үлкен маңызға ие болып отыр. Осы себептен білім беру саласындағы қайырымдылық пен де-меушілік әрекетті ынталандыру және ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесі ерекше болып табылады. Әрине, бұл түрлі елдердің құқық жүйелеріне сәйкес әрқилы сипатта болатыны белгілі.

Жоғары білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестіктің дамуына теріс әсер ететін бірқатар проблемалар бар. Бұл түлектердің практикалық дайындығының сапасының жеткіліксіздігі, бұл жұмыс берушілердің бітірушілерге деген сенімін төмендетеді және оқу орындарымен ынтымақтасуға келмейтіндігін түсіндіреді. Ал еңбек нарығындағы жұмыссыздықтың салыстырмалы жоғары деңгейі жұмыс берушілерге қажетті қызметкерлерді таңдауға мүмкіндік береді.

Тағы бір себебі ретінде әлеуметтік әріптестердің кәсіптік білім беру оқу орындарымен өзара іс-қимыл жасауының нақты артықшылықтарын түсінбеуін айтуға болады.

Кәсіпорындар мен кәсіподақтардың әлеуметтік әріптестерінің мотивациясының болмауы, олардың әртүрлі деңгейдегі бюджеттердің көмегімен кәсіптік білім беру қажеттілігіне бөлінген қаражаттың бөлінуіне қатыспауымен түсіндіріледі.

Әрине, өткен ғасырдың 90-жылдарындағы экономикалық құлдырау кезеңі әлеуметтік әріптестіктің дамуына ықпал еткен жоқ, өйткені кәсіпорындар өздерінің аман қалу мәселелерімен айналысып, дамудың стратегиялық жоспарлауына қызығушылық танытпады, ал жұмыс орындарын сақтау және жалақыны төлеу үшін күресіп жүрген кәсіподақтар болашақ даму мәселелерін елеусіз қалдырды.

Экономикалық тұрақтандырудың басталуы әлі де жұмыс берушілердің негізгі бөлігі мен олардың ұйымдары арасында кәсіптік біліммен әлеуметтік әріптестікті дамыту қажеттігі туралы хабардарлықты арттыруға мүмкіндік бермеді, бұл олардың өзін-өзі ұйымдастыру саласындағы жеткіліксіз белсенділігіне байланысты. Бұл, әсіресе, өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық үшін, сондай-ақ шағын және орта бизнес кәсіпорындарына қатысты.

Мемлекеттік және аймақтық деңгейлердегі сауда-өнеркәсіп палаталары, өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлер қауымдастықтары сияқты қолданыстағы бірлестіктер де жұмыс күшін дайындауға жеткілікті көңіл бөлмейді. Әлбетте, кәсіптік білім беру мекемелерінің өздері экономикалық өмір мен еңбек нарығының субъектілерімен жемісті өзара әрекеттесуді қалыптастыруда бастамашылық пен белсенділік танытуы керек, өйткені кәсіптік білім беруде оқу орындарының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату үшін осындай өзара әрекеттесу қажеттігі туралы саналылық пайда болды.

Әлеуметтік әріптестік саласындағы ахуалға еңбек нарығының жалпы жағдайы, сондай-ақ әлеуметтік және құқықтық факторлар ықпал етеді. Әлеуметтік серіктестіктің дамуы және кәсіптік білім беру оқу орындарының түлектеріне белгілі бір кепілдіктер беру кәсіпорын тұрақты дамыған және олардың кірістілігі болған жағдайда ғана мүмкін болады. 90-жылдардың басын-

да көптеген ірі кәсіпорындардың құлдырауы және күтпеген экономикалық жағдайда көптеген шағын және орта кәсіпорындардың құрылуы оқу орындарымен әлеуметтік әріптестікті дамытуға ықпал ете алмады, өйткені басымдық экономикалық тіршілікте болды.

Кәсіпорындардың оқу орындарымен дәстүрлі байланыстарын бұзуы да теріс әсер етеді. Кәсіпорындар оқу орындарынан студенттерге өндірістік практикадан өту үшін жұмыс орындарын қамтамасыз ету үшін ақы талап ететін де фактілер бар. Жаңа шағын және орта кәсіпорындардың әлеуметтік серіктестіктің орбитасына іс жүзінде тартылмауы ерекше алаңдаушылық тудырады.

Қазіргі уақытта, өкінішке қарай, білім беру ұйымдарының мүмкіндіктері өте шектеулі, олар мемлекеттік саланың өкілдерін кәсіптік білім беру жүйесіне назарын аударта алмайды. Дегенмен, көптеген шетелдік елдерде осындай тәжірибе бар. Атап айтқанда:

- білім беру мекемелерін белгілі бір нысанда қолдайтындар үшін елеулі салықтық жеңілдіктер;

- лицензиялау немесе сертификаттау кезінде қызметкерлердің біліктілігіне қойылатын міндетті талаптар;

- білім беру мекемелері мен өнеркәсіптің екі жаққа да пайдалы болатын көптеген мемлекеттік қолдау бағдарламалары.

Қазіргі білім беру ұйымдары өздерінің негізгі әлеуметтік серіктестерінен мемлекетінен осындай қолдаудан айырылған, сондықтан әлеуметтік серіктестерді өз бетімен іздеуге және олармен қарым-қатынас орнатуға мәжбүр болады.

Тұтастай алғанда, әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі басымдықтары жүйесіне кәсіптік білім беруді енгізуге негізделген мемлекеттік саясат мынадай негізгі міндеттерге бағытталуы керек:

1. Еңбек нарығының негізгі институционалдық субъектісі ретінде экономиканың нақты секторын дамытуға жағдай жасау, бұл жұмыс күшіне деген сұраныстың кәсіби және біліктілік құрылымын құрайды. Тұрақты жұмыс істейтін өндіріс өзі кадрларды кәсіби даярлау жүйесінің ең қуатты реттеушісіне айналып, білім беру өнімінің сапасына бір

уақытта тапсырыс беруші және бақылаушысы ретінде сөйлейді.

2. Білім беру мекемелерінің өзара тиімді негізде екі жақтың да негізгі мүдделерін қанағаттандыруға ықпал ететін индустриямен өзара әрекеттестігінің жаңа түріне арналған нормативтік-құқықтық базаны қалыптастыру.

3. Еңбек нарығы мен білім беру қызметтері саласындағы ақпараттық ағымдардың ашықтығын арттыру, сұранысқа ие кәсіби және біліктілік құрылымы, еңбек нарығының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін болжау, түлектерді жұмысқа орналастыру проблемалары, білім беру мекемелерінің рейтингі және т.б. туралы халықты кеңінен хабардар ету,

4. Кәсіпорындарға өз кадрларын қайта даярлау және біліктілігін арттыру бойынша белсенді бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттік салық саясатын оңтайландыруы. Қызметкерлерді оқытуға байланысты шығыстардың барлық түрлерінің салық салу базасынан шығару туралы ережелерді қабылдау.

5. Білім беру және біліктілік қызметтер нарығын реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың реттеуші және бақылау функцияларын күшейту. Бүкіл ел бойынша бірыңғай білім стандарттарын құру, оларды халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру.

6. Меншік нысаны мен әкімшілік бағыныстылығына қарамастан, барлық білім беру мекемелері үшін нақты бәсекелестік ортаны қалыптастыру үшін жағдай жасау. Бюджет қаражатын бөлу мен пайдаланудағы ашықтық, бюджетаралық қатынастарды оңтайландыру [2, 80 б.].

Зерттеушілердің еңбектерінде жоғары мектеп пен жұмыс берушілер арасындағы өзара байланыстың ең жиі кездесетін формалары:

- өз талаптарын қадағалау үшін ЖОО-ның еңбек нарығының субъектілерімен тұрақты байланыстары;

- оқу жоспарларын әзірлеуде еңбек нарығының талаптарын ескеру;

- жас мамандарды нақты практикалық іс-әрекеттерге дайындаудағы жетістіктерін бағалау, түлектердің кәсіби мансабын ке-

зеңдік зерттеу, оқу бағдарламаларын түзету үшін нәтижелерді пайдалану.

Жоғары кәсіби білім берудегі әлеуметтік әріптестік жүйесінің тиімділігіне әсер ететін факторлар: заңнамалық база; мемлекеттен ынталандыру; әлеуметтік-экономикалық жағдай; әлеуметтік әріптестік қажеттілігі; әлеуметтік серіктестіктер субъектілерінің ғылыми-техникалық әлеуеті; ЖОО ішінде ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастыру, оқу орындары мен бағдарламалардың аттестатталуына қатысу, жұмыс беруші ұйымдармен бірге мамандарды даярлаудың инновациялық формаларын дамыту; өндірістік практика; жұмыс берушілермен бірлескен бизнес-жобалар; кәсіптік бағдар беру, жұмысқа орналасу және жоғары оқу орындарының түлектерін бейімдеу жүйесін дамыту; ЖОО-лармен мамандарды бағыттар бойынша бірлесіп даярлау туралы келісім-шарт жасасу; түлектерді жұмыс іздестірудің заманауи технологияларына және мансаптық жоспар құруға үйрету, сондай-ақ еңбек нарығының қазіргі жағдайы туралы хабардар болуын арттыру және т.б. [3].

Жоғарыда айтылғандардан әлеуметтік серіктестіктің қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қалыптасуы біршама ұзақ және күрделі процесс болып табылады, ол бірқатар субъективті және объективті себептерге (экономика жағдайы, әлеуметтік орта, оған билік органдарының қатысуға дайын болу, оқу орындары басшыларының еркі, ниеті мен мүмкіндіктері) байланысты өте ұзақ және күрделі процесс болып табылады.

Оқу орнының әлеуметтік серіктестермен жұмыс істеу нәтижелілігі мен тиімділігі, ең алдымен, жоғары білікті мамандарды даярлаудан тұратын өз мүдделерін іске асыру дәрежесімен анықталады және оның негізі әлеуметтік функциясының дәрежесі бойынша бағаланады.

«Педагогтардың мәртебесін шынайы көтеруді қамтамасыз ету маңызды. Қазір айттып жатқанымыздың барлығы мұғалімдерге байланысты. Бәсекеге қабілеттілікті көтеру үшін педагогтардың жоғары мәртебесіне сөз жүзінде қол жеткізуіміз керек. Педагог мәртебесі туралы заң жобасында қолдаудың кешенді шаралары қарастырылған. Бұл

ұстаз жүктемесін қысқарту, ар-абыройының сақталуына кепіл беру, материалдық ынталандыру... Соның ішінде сынып жетекшілігі мен дәптер тексергені үшін екі есе ақы төлеу, барлық педагогтардың еңбек демалысын 56 күнге дейін көбейту, магистрлік деңгей үшін қосымша төлем және өзге де ынталандыру шаралары бар» деді Мемлекет басшысы [4].

Қазақстанда ұлттық білім беру жүйесін құру қажеттігі туындады. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау бағытындағы құнды шешім болып табылған 1997 жылғы Лиссобо́н конвенциясы. Қазақстан бұл құжатты басшылыққа алып, оқу жүйесіне ұтымды түрде пайдалануға шешім қабылдаған болатын. Ал 1998 жылы Батыс Еуропаның 4 елі (Германия, Италия, Франция, Ұлыбритания) білім берудің жүйелері мен құрылымдарын сәйкестендіру жөнінде Сорбон декларациясын қабылдаған болса, 1999 жылы Еуропаның 30-ға жуық елінің білім беру өкілдері Болон декларациясына қол қойды. Бұл декларацияға сәйкес 2010 жылға дейін Еуропалық білім берудің

бірыңғай жүйесіне көшу көзделген болатын.

Отанымыздың білім беру жүйесіндегі ізденістері мен бастамалары әлемдік білім кеңістігіндегі ықпалдастықты арттыру мен сапаны көтеруге бағытталған. Білім беру нормаларын өзара мақұлдау жөніндегі Лиссабон конвенциясын, жоғары білім саласы мен құрылымындағы бірізділікке қатысты Сорбон декларациясын қолдап, белсенді араласуға талпыныс жасаған мемлекеттердің арасында Қазақстан алғашқылардың қатарында тұр. Еліміздің Болон процесіне қосылуы отандық білімнің жаңа талаптары мен республиканың саяси-экономикалық таңдауына толық жауап береді. Бұл – білім сапасы мен бәсекелестік мүмкіндігін көтеру мақсатында істеліп жатқан қадам.

Гүлдана ҚУАНАЛИЕВА,
заң ғылымдарының докторы,
профессор
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Нұржамал БАБИШЕВА,
Алматы қаласының нотариаттық
палатасының нотариусы

АННОТАЦИЯ. Әлеуметтік әріптестіктің қабылданған анықтамасын негізге ала отырып, біз кәсіптік білім беру жүйесіндегі әлеуметтік әріптестердің негізгі түрлерін сипаттайтын боламыз. Бірінші кезекте біз әлеуметтік серіктестік санатын кәсіби білім беру жүйесінде де, жеке оқу орнында да қарастыруға болатындығын атап өтеміз. Әлеуметтік әріптестікке қатысушылар ретінде білім беруді басқару органдарымен бірге барлық білім беру мекемелері шартты түрде есептеледі.

Түйінді сөздер: жоғары оқу орны, әлеуметтік әріптестік, сараптамалық бағалау әдістері, қамқоршылық кеңес, кәсіподақтар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Президент білім саласы қызметкерлерін құттықтады // <https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/press/news/details/608704?lang=k>
2. Глушанок Т. М. Социальное партнерство как средство повышения качества профессионального образования // Современные проблемы науки и образования. № 6, 2008. – С. 80-83.
3. Назарова Н. А. Управление формированием системы социального партнерства в сфере высшего профессионального образования // [Электронный ресурс]. URL: <http://www.dissercat.com/content/upravlenie-formirovaniem-sistemy-sotsialnogo-partnerstva-v-sfere-vysshego-professionalnogo-o>.
4. Қасым-Жомарт Тоқаев: «Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу аса жауапты міндет» // <https://okg.kz/post?id=17978&slug=qasym-zhomart-toqayev:->

КОДЕКС НОРМАЛАРЫ ТЕҢДІК ҚАҒИДАТЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН

Әрбір мемлекет заң үстемдігін орнату мақсатын көздейді. Біздің еліміз де осы бағытты ұстанған. Бұл ретте әкімшілік әділет институты басты құндылықтардың бірі саналады. Елімізге әкімшілік әділет институты 2021 жылы енгізіліп, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар жұмысын бастады. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес, жария-құқықтық дауларда талапкер әлсіз тарап саналады, сондықтан дәлелдеу ауыртпалығы жауапкерге жүктелген. Аталған кодекс теңдік қағидатына негізделген.

Ең тиімдісі әкімшілік істерде соттар шешім шығарумен шектелмейді, оның орындалуын қадағалайды. Сот шешімін уақытымен орындамағандарға елуден жүз айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады және мұндай шара сот шешімі орындалғанға дейін бірнеше рет қолданылуы мүмкін.

Тағы бір артықшылығы, әкімшілік әділет институты бизнес өкілдерін мемлекеттік немесе әкімшілік органдардың заңсыз әрекеттерінен қорғайды. Әкімшілік соттар жұмыс істегелі азаматтар мен бизнес өкілдерінің құқығы жоғары деңгейде қорғалып жатқанын ресми мәліметтер растайды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жауапкершілігі артуда.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 16-тарауы істердің соттылығына арналған. 102-баппен бекітілгендей, әкімшілік сот ісін мамандандырылған ауданаралық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар жүргізеді. Республикалық маңызы бар қалалар мен астана, облыс орталықтары шегіндегі мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, талап арызды әкімшілік соттың соттылығына жатқызылған істерді талап қоюшының тұрғылықты жеріндегі сот қарайды.



Бауыржан ШАНКЕРЕЕВ,
Алматы гарнизоны әскери
сотының тағылымдамашысы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекспен көзделген жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен соттардың соттылығына жатады. Ал Астананың мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты ҚР Азаматтық процестік кодексі 27-бабының 1-2-бөлігімен нақтыланғандай инвесторлар мен әкімшілік органдардың, лауазымды адамдардың әкімшілік актілеріне, әкімшілік әрекет-әрекетсіздігіне шағым жасау жөніндегі талап қоюларын қарайды.

Азаматтар көп жағдайда әскери соттардың қызметін, олардың қандай және кімдерге қатысты істерді қарайтынын біле бермейді. Әскери соттар да басқа соттар секілді, құрылымы жағынан олармен бірдей. Басты ерекшелігін тек әскери қызметшілерге, әскери басқару органдары мен бөлімдерге қатысты істерді қарайтындығымен байланыстыруға болады. Яғни, осы кодекстің 103-бабында әкімшілік істердің әскери соттарға соттылығы белгіленген. Әскери басқару органдары, әскери бөлім жауапкер болған жағдайды, сондай-ақ, мамандандырылған басқа соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдар әскери қызметшілерінің, әскери жиындардан өтіп жүрген азаматтардың талап қоюларын қарау Әскери соттың құзырында.

Егер тиісті әкімшілік-аумақта әскери сот болмаса, оның соттылығына жатқызылған әкімшілік істерді мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттар ӘРПК-да белгіленген тәртіппен қарайды. Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар бүгінде жария-құқықтық дауларды тиімді қарауда. ӘРПК-да жария-құқықтық қатынастардан туындаған дау-дамайды шешудің оңтайлы тетіктері жан-жақты қамтылған.

Тәуелсіз мемлекетіміздің сот жүйесі оның бір тармағы әскери соттар айрықша маңызға ие. Әскери қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерін әділ қорғау, сол арқылы қоғамның сот жүйесіне деген сенімін одан

әрі арттыру Әскери соттардың басты міндеті саналады. Әскерилер ұлттық қауіпсіздігімізді қамтамасыз етеді. Әскери киім киген адамдар мінсіз абырой мен әділдіктің эталоны, болашақ ұрпақтар үшін үлгі болуға тиіс. Ал, әскери соттар олардың бұзылған құқықтары мен бостандығын, заңды мүддесін қарап, әділ шешуге қызмет етеді.

Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар талаптарды қараудың процестік мерзімдерімен ерекшеленеді. Бұл соттарда талап қою ақылға қонымды, бірақ, талап қойылған күннен бастап үш ай ішінде қаралып, шешіледі. Айтып өтерлігі, әкімшілік процеске қатысушылар сотқа келуге міндетті. Сот әкімшілік іске қатысушылардың сотқа келуі туралы өкім бере алады.

Әкімшілік процеске қатысушылар жазбаша, оның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат нысанында соттың әкімшілік істі олардың қатысуынсыз қарауды және сот актісінің көшірмесін жіберуді сұрауға құқылы. Іске қатысатын адамдардың келмеуі оларға тиісінше хабарланған жағдайда сот отырысын өткізуге кедергі болмайды. Сотқа қатысуы міндетті деп танылған адамдар келмесе, сот оларға осы кодекстің 18-тарауымен көзделген процестік мәжбүрлеу шараларын қолданады.

Әкімшілік істерде дәлелдемелер сот талқылауында тікелей зерттеледі. Сот тараптар мен әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерін, куәлар мен сарапшылардың айғақтарын тыңдап, т.б. құжаттармен танысады, қажетті әрекеттерді жасайды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс нормаларын түсіндіру жұмыстары әкімшілік органның қызметін заң шеңберінде атқарылуына, әкімшілік рәсім талаптарының сақталуына, сондай-ақ, мемлекеттік органдармен қабылданған әкімшілік актілердің сапасына өзінің тиімді әсерін беруде. Ел Президенті айтқандай, әкімшілік әділет «Халық үніне құлақ асатын» мемлекетіміздің тірегіне айналуға.

ЯСАУИ МҰРАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы – қазақ халқының рухани және мәдени қазынасы. Оның ілімі мен тағылымы өткен тарих қана емес, бүгінгі ұрпақтың бағыт-бағдарын айқындайтын рухани арна. Ясауи мұрасы қазіргі қоғамда жалпы адамзаттық құндылықтарды жаңғыртуда, ұлттық сананы қалыптастыруда, адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Бүгінгі таңда оған Қазақстанда ғана емес, бүкіл түркі әлемінде сұраныс артып келеді. Киелі Түркістан қаласында өткен Халықаралық Симпозиум соның айғағы. 15 елден келген 100-ге жуық ғалымдардың пікірсайыс алаңы Ясауи бабалымыздың мұрасын жан-жақты ашуға тағы бір серпін берді.



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Әзірет-Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығының ұйымдастыруымен әлемнің 15 елінен келген ғалымдар Ясауи мұрасын филологиялық, археологиялық, қолжазба деректері негізінде жан-жақты талқылады. Екі күн болған Симпозиумда АҚШ, Жапония, Германия, Италия, Үндістан, Иран, Түркия секілді елдердің белді ғалымдары Ясауи идеяларының

әлеуетін және оларды қазіргі әлемдегі мәдениетаралық диалогты нығайтуда қолдану жолдарын талдады.

Ясауи мұрасының бүгінгі қоғамға тигізетін әсері өте зор. Бүгінгі жастар үшін Ясауи мұрасын жаңғырту – рухани байлық пен мәдени құндылықтарды сақтау ғана емес, адамзаттың ішкі дүниесін жаңғыртуға, ұлттық болмысты терең түсінуге, рухани кемелденуге жасалған маңызды қадам. Қоғамдағы

адамгершілік құндылықтарының жоғалуы, өзекті мәселелердің көтерілуі Ясауи сынды қайраткерлердің мұрасы мен өнегелі өмір жолын қайта қарау қажеттілігін туғызады. Осы орайда Әзірет-Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей қорығы жанынан құрылған Ясауитану ғылыми орталығы қазіргі таңда жүйелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолға алды. Симпозиум барысында халықаралық байланыстар жасалып, әлемдік деңгейдегі бірнеше ғылыми-зерттеу орталықтарымен Ясауи мұрасын зерттеу бойынша ынтымақтастық меморандумдары түзілді. Ортақ қолжазбалар және сирек кітаптарды бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, сонымен қатар археографиялық және эпиграфиялық зерттеулерді, цифрлық деректер мен архивтік құжаттарды жүйелеу жұмыстары атқарылады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі Қабірхана бөлмесінің есігі төрт жылдық реставрациялық жөндеу жұмыстарынан кейін Әзірет-Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени музей қорығының «Сирек жәдігерлер» бөліміне орналастырылды. 600 жылдан астам тарихы бар бұл құнды жәдігердің маңызы өте зор болып отыр. Орталық басшысы, мәтінтанушы Сайпулла Моллақанағатұлы XIV ғасырда жасалған ағаш есіктегі бұрын ғылыми айналымға енгізілмеген, аса маңызды бұл жазуда Қожа Ахмет Ясауидің есімі нақты әрі айқын түрде жазылған екен. Мұндай дерек – сопылық мұраны зерттеу мен тарихи тұлғаның кесенедегі орнына байланысты бұрынғы болжамдар мен жорамалдарды нақты тарихи мәтін арқылы айқындайтын, Қожа Ахмет Ясауидің тек халық жадындағы аңыздық тұлға емес, нақты тарихи кезеңде өмір сүріп, қоғамда ресми танылған рухани жетекші болғанын дәлелдейтін құжаттық сипаттағы дерек. Бұл жазу арқылы біз XIV ғасырда-ақ Қожа Ахмет Ясауидің атымен байланысты сопылық ілімнің ресми дәрежеде құрметке ие болғанын, оның кесенесінің рухани маңызға ие ескерткіш ретінде мойындалғанын көреміз.

IX-X ғасырларда түркілер арасында ислам діні тараған кезде көшпелі аймақтардың әлеуметтік, экономикалық, мәдени құрылымына сай қолдау іздеп, осы құрылымға бей-

імделуге мәжбүр болды. Ол кезде араб тілін білмейтін, негізгі ислам әдебиетін оқымаған топтарға исламды Арыстан баб, Қорқыт ата сияқты тұлғалар ғана жеткізе алатын. Міне, Ахмет Ясауи мен оның жолының негізі осылай қаланған. Ол өз заманында өте ықпалды құрал болған хикметті түрік дәстүрімен бірге шебер пайдаланған. Әзірет Сұлтанның өмір сүрген кезінде медресе дәстүрі әлі пісіп-жетілмеген, ауыз әдебиеті басым болды. Сол тұста ислам дінін қабылдаумен бірге ескі наным-сенімдерді ұстанатын әлеуметтік орта қалыптасты. Өз дәуіріндегі қауымдардың ой-өрісін, шеберлігін, бейімділігін жақсы білген Ясауи де көне түркі наным-сенім жүйесінің көптеген элементтерін ұстана отырып, ислам дінін жаңа әдіспен насихаттап, оны түрлі формада дәріптеп, салт-дәстүрге негіздеді.

Қазіргі таңда Қазақстан зайырлы мемлекет, дегенмен, соңғы кездері кейбір діни ағымдардың теріс ықпалы қоғамды алаңдатып отырғаны жасырын емес. Бұл, әсіресе, жастардың радикалды көзқарастарға бейімделуіне және әлеуметтік тұтастыққа қауіп төндіруге қатысты. Кейбір радикалды діни ағымдар (әсіресе шетелдік уағыздаушылардың ықпалындағылар) зорлық-зомбылықты ақтауы мүмкін. Олар діни сенімдерді сылтау етіп, адамдарды заңсыз әрекеттерге итермелейді. Діни ұйым ретінде көрінетін топтар, ең алдымен, психологиялық және қаржылық айла-шарғымен айналысады.

Ахмет Ясауи мұрасы тек діни ғана емес, ұлттық руханиятты, мәдениетті, қоғамдық сананы жаңғыртуда ерекше мәнге ие. Оның ілімі діни ұстанымдар мен ұлттық дәстүрлердің жиынтығынан тұрады. Бұл қазіргі заманда радикалды ағымдарға қарсы идеологиялық негіз бола алатын құнды рухани іргетас. Мұның бірнеше себептері бар. Мысалы, Ясауи ілімі ханафи мәзһабына негізделген. Оның үстіне Ясауи бабамыз ислам дінінің қағидаларын түркі рухымен, тілімізбен, салт-дәстүрімізбен ұштастыра білген. Діни насихатты даналық, өлең және музыка (қобыз, домбыра) арқылы жүргізді. Бұл қазіргі жастардың бойына ұлттық рухты ұстанатын дінді сіңірудің тиімді жолы. Ясауи

ілімі де рухани тәрбиені, нәпсімен күресуді, адалдық пен қарапайымдылықты насихаттайды. Оның ілімінің іргетасы нәпсіні жеңу. Ол бұл күресті майдан даласында жаумен шайқасып жатқан жауынгердің шайқасымен салыстырады.

Бұл жерде өзін жеңу нәпсінің тән қалауларынан бас тарту ғана емес, сараңдық, тәкаппарлық, көреалмаушылық сияқты жаман қасиеттерден арылу деп түсіндіріледі. Ясауи атамыз да шәкірттерін сабырға, төзімділікке өзін-өзі тәрбиелеуге шақырып, бағыттап отырған. Адалдық – жүрек тазалығының көрінісі. Адалдықты иманның жартысы деп түсіндіре отырып, адамның шыншылдығы сөзбен ғана емес, іс-әрекетімен де көріну керектігін көрсетеді. Сопылар арасында аманатқа қиянат жасамау, екіжүзділіктен сақтану басты қағидалар болған. Бұл ілім қазіргі қоғам үшін де өте өзекті.

Ясауи ілімінің тағы бір маңызды қағидасы – қарапайым өмір сүру. Өмірінде байлық пен атақ-даңқтан бас тартқан Қожа Ахмет Ясауи қарапайым киім киіп, еңбек етті. Шәкірттері осы үрдісті жалғастырып, қарапайым мінезімен, еңбекқорлығымен елге танылды. Сопылық жолды ұстанған Баба Түкті Шәшті Әзиз, Арыстан баб сынды тұлғалар дін мен білімнің ғана емес, кішіпейілділік пен қарапайымдылықтың да үлгісі болды. Қожа Ахмет Ясауи өз шығармаларында адамгершілікті, мейірімділікті, адалдықты басты құндылық ретінде көрсеткен. Оның ойынша, әрбір адам жүрегіне Аллаға иман, адамгершілік қасиеттерді ұялатуы керек. Бұл тұжырымдар қазақ қоғамындағы моральдық нормалар мен құндылықтарға үлкен әсер етті. Ясауи тағылымын түркі жұртына тән дүниетаным мен ислами құндылықтарды үндестірген, ұлттық сананы оятқан бағыт деп қарасақ, оның да маңызы арта түспек. Дінді түсіндіруде түркі халқының мінезіне сай қарапайым тілмен, өлеңмен уағыз айтып, ислам дінін ұлттың жүрегіне жақындата түсті. Мәселен, «Диуани хикмет» еңбегі арқылы сол кездегі дала түркілерінің арасында имандылықты ана тілінде, қара өлеңмен насихаттап, сопылық ілімнің терең

мәнін ұғындыра білген. Бұл – тіл мен діннің үндестігін сақтаған рухани жаңғырудың алғашқы үлгісі. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық болмысты сақтау маңызды. Бұл тұрғыда Ясауидің адамдық тәрбиесі мен адамгершілік ұстанымдары жастарды рухани тоқыраудан құтқаратын темірқазық болып табылады. Бүгінгі жас ұрпақ біліммен қатар рухани тәрбиені де қажет етеді. Қожа Ахмет Ясауи айтқанындай, адал өмір сүрсең, өмір жарқын болады, өтірікте де, о дүниеде де имандылық пен адалдықты өмірлік ұстанымға айналдыруға шақырды. Түркі әлеміндегі Ясауи жолын ұстанушылар тарихы – жастарға берілген патриоттық тәрбие мен рухани тазалықтың үлгісі осы болса керек.

Симпозиум қатысушылары Қожа Ахмет Ясауиді – даналық ілімінің негізін қалаушы, түркі халықтарының ұлттық бірегейлігін қалыптастырушы, ғылым мен білімге үндеген ағартушы, рухани тұтастық пен ынтымақтың жаршысы, мәдениетаралық диалогтың символы ретінде қабылдады. Әлем ғалымдары Қожа Ахмет Ясауи мұрасын заманауи гуманистік құндылықтармен үндестіру – жастар арасында рухани тәрбие, бейбітшілік пен төзімділік қағидаттарын кеңінен тарату үшін білім беру мен мәдени іс-шараларға енгізуді, сонымен қатар, Ясауи ілімін ЮНЕСКО шеңберінде жаһандық деңгейде насихаттау – оның шығармаларын (әсіресе, «Диуани хикметті») әлемнің негізгі тілдеріне аудару мен ғылыми-академиялық айналымға енгізуді ұсынды.

Ясауи ілімі ұлттық жаңғырудың негізі. Бүгінгі рухани жаңғыру – осы тағылымды ұлт санасын жаңғыртуға мүмкіндік. Сондықтан, ұлттық сананың жаңғыруы Ясауи жолына қайта оралғанда ғана толық жүзеге асады. Оның ілімі – адамның жан дүниесін тазартып, кемелдікке жетелейтін құнды жол. Ол ұсынған рухани тәрбие жүйесі бүгінгі ұрпаққа тамаша үлгі.

Әлия БІЛДЕБЕКОВА,
Әзірет-Сұлтан Ұлттық тарихи-мәдени
музей қорығы,
Ясауитану ғылыми орталығының
аға ғылыми қызметкері

ВЛИЯНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА ОБУЧЕНИЕ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ

Искусственный интеллект (ИИ) стремительно преобразует многие сферы нашей жизни, и образование не является исключением. В частности, влияние ИИ на обучение иностранному языку становится все более заметным, открывая новые возможности и ставя перед нами новые вызовы. Эта статья посвящена анализу того, как ИИ меняет подходы к изучению языков, предлагая персонализированные, интерактивные и эффективные инструменты.



Одним из наиболее значительных преимуществ ИИ в изучении иностранных языков является его способность к персонализации. Традиционные методы обучения часто страдают от «одного размера для всех» подхода, который не учитывает индивидуальные потребности, темп обучения и стили усвоения информации. Системы на базе ИИ, напротив, могут анализировать данные об успеваемости учащегося, выявлять его сильные и слабые стороны, а затем адаптировать учебный материал и задания в соответствии с этими данными. Например, интеллектуальные репетиторы могут определять, какие грамматические структуры или лексические единицы вызывают наибольшие трудности у конкретного пользователя, и предлагать дополнительные упражнения или объяснения. Системы распознавания речи на базе ИИ могут анализировать произношение учащегося, указывать на ошибки и предо-

ставлять мгновенную обратную связь, что значительно ускоряет процесс формирования правильной артикуляции. ИИ также повышает интерактивность и иммерсивность процесса обучения. Различные приложения и платформы, использующие ИИ, предлагают ролевые игры с виртуальными собеседниками, интерактивные диалоги и сценарии, имитирующие реальные ситуации общения. Это позволяет учащимся практиковать свои языковые навыки в безопасной и контролируемой среде, не опасаясь совершить ошибку.

Виртуальная и дополненная реальность, интегрированные с ИИ, открывают еще более широкие горизонты. Представьте себе возможность «путешествовать» по виртуальным городам, общаясь с местными жителями на изучаемом языке, или погру-

жаться в исторические события, где каждый персонаж говорит на целевом языке. Такая иммерсивная среда значительно повышает мотивацию и помогает преодолеть языковой барьер.

Расширение доступности образования является еще одним важным аспектом влияния ИИ. Благодаря онлайн-платформам и мобильным приложениям, оснащенным ИИ, изучение иностранного языка становится доступным для людей в любой точке мира, независимо от их географического положения или финансовых возможностей. Это особенно актуально для регионов, где доступ к квалифицированным преподавателям ограничен.

Кроме того, ИИ способствует повышению эффективности обучения. Интеллектуальные алгоритмы могут анализировать огромное количество языковых данных, выявлять закономерности и предлагать оптимальные стратегии для запоминания новой лексики или освоения грамматических правил. Системы для автоматического перевода, хотя и не заменяют полного понимания языка, могут служить ценным подспорьем для быстрого доступа к информации и расширения словарного запаса.

Несмотря на очевидные преимущества, использование ИИ в обучении иностранному языку сопряжено с определенными вызовами. Среди них — необходимость в высококачественных данных для обучения алгоритмов, вопросы конфиденциальности данных пользователей, а также потенциальное снижение роли человеческого взаимодействия, которое является важным

аспектом изучения языка. Кроме того, системы ИИ пока не способны в полной мере улавливать тонкие нюансы человеческого общения, такие как интонация, невербальные сигналы и культурный контекст.

Тем не менее, перспективы развития ИИ в этой области весьма обнадеживающие. Дальнейшие исследования и разработки в области обработки естественного языка (NLP), машинного обучения и когнитивных наук позволят создавать еще более совершенные и интуитивно понятные инструменты. В будущем мы можем ожидать появления систем, способных не только обучать языку, но и понимать эмоциональное состояние учащегося, адаптироваться к его настроению и даже предсказывать потенциальные трудности.

Искусственный интеллект уже оказывает глубокое и многогранное влияние на обучение иностранному языку, делая его более персонализированным, интерактивным, доступным и эффективным. Хотя перед нами стоят определенные вызовы, потенциал ИИ в этой сфере огромен. В конечном итоге, ИИ должен рассматриваться не как замена традиционному преподавателю, а как мощный инструмент, который дополняет и расширяет возможности человеческого обучения, открывая новые горизонты для межкультурного общения и понимания.

Ж. НУРМАХАНОВА,
Старший преподаватель, магистр
Казахский Национальный Аграрный
Исследовательский Университет

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

- Гальскова, Н.Д. Современная методика обучения иностранному языку / Н.Д. Гальскова. – М.: АРКТИ-ГЛОССА, 2020. – 192 с.
- Полат, Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Е.С. Полат. – М.: Академия, 2019. – 272 с.
- Титова, С.В. Цифровые технологии в языковом обучении: теория и практика / С.В. Титова. – М.: Эдитус, 2021. – 240 с.
- Chapelle, C.A. Computer Applications in Second Language Acquisition / C.A. Chapelle. – Cambridge: Cambridge University Press, 2020. – 315 p.
- Golonka, E.M. Technologies for foreign language learning: a review of technology types and their effectiveness / E.M. Golonka, A.R. Bowles, V.M. Frank // Computer Assisted Language Learning. – 2021. – Vol. 27, No. 1. – P. 70-105.
- Heift, T. Intelligent Computer-Assisted Language Learning / T. Heift, M. Schulze. – New York: Routledge, 2020. – 298 p.

РАССМОТРЕНИЕ ИСКА В УГОЛОВНОМ ПРОЦЕССЕ: ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ

В системе уголовного судопроизводства иск является важным инструментом защиты прав и законных интересов потерпевших от преступления. Хотя уголовное право и процесс направлены в первую очередь на наказание виновного, вопросы компенсации ущерба, причиненного преступлением, становятся не менее значимыми.

Рассмотрение иска в уголовном процессе является неотъемлемой частью правосудия, позволяющей восстановить нарушенные права потерпевших, а также обеспечить их материальную защиту. Цель данной статьи – рассмотреть основные положения, связанные с рассмотрением иска в уголовном процессе, особенности его подачи, рассмотрения и удовлетворения. Иск в уголовном процессе представляет собой заявление. В отличие от гражданского процесса, где иски являются основным элементом, в уголовном процессе они играют вспомогательную роль, но тем не менее имеют важное значение для обеспечения прав потерпевших. Иск может быть подан потерпевшим, его представителем или законным представителем, а также юридическими лицами, чьи интересы были нарушены. Также иски могут подаваться в интересах детей или иных лиц, находящихся под опекой. Круг лиц, которые вправе предъявлять гражданские иски при производстве по уголовному делу, определен в статьях 58, 73 и 167 УПК. К ним относятся: физические и юридические лица, понесшие вред в результате уголовного правонарушения или общественно опасного деяния невменяемого, их законные представители и представители, прокурор.

В соответствии с требованиями статьи 167 УПК, гражданский иск может быть предъявлен с момента начала досудебного расследования до окончания судебного



А. ТУКУБАЕВА,
Судья Талгарского районного суда
Алматинской области

следствия лицом, которому уголовным правонарушением или уголовно-наказуемым деянием невменяемого непосредственно причинен имущественный или моральный вред, либо его представителем. Для подачи иска потерпевшему необходимо составить

соответствующее заявление, в котором указаны конкретные требования о возмещении и ущерба. Это заявление подается в орган дознания, следственный орган или суд в зависимости от стадии уголовного процесса. Дознаватель, следователь, прокурор или суд не вправе при производстве по уголовному делу отказать в приеме исковых заявлений. На стадии предварительного расследования рассмотрение иска является добровольным для следователя. Он может предложить обвиняемому компенсировать ущерб потерпевшему до подачи дела в суд. Если обвиняемый удовлетворяет требования потерпевшего, дело может быть завершено с примирением сторон. Однако если обвиняемый не желает возместить ущерб, следователь передает материалы дела в суд, где уже будет рассматриваться иск в рамках уголовного производства. Истец при предъявлении гражданского иска в производстве по уголовному делу, освобождается от уплаты госпошлины.

Суд является основным органом, который принимает окончательное решение по иску потерпевшего в рамках уголовного дела. Судья, рассматривая уголовное дело, должен учитывать все обстоятельства, связанные с причиненным ущербом, и в случае установления вины обвиняемого может принять решение о возмещении ущерба в пользу потерпевшего. Важной особенностью является то, что решение по гражданскому иску принимается судом наряду с решением по уголовному делу. Это позволяет потерпевшему получить компенсацию ущерба в рамках того же судебного процесса, что делает правосудие более эффективным.

Суд по результатам рассмотрения гражданского иска может вынести одно из следующих решений: о полном или частичном удовлетворении гражданского иска; об отказе в удовлетворении гражданского иска; о признании за гражданским истцом права на удовлетворение гражданского иска и передаче вопроса о его размерах на рассмотрение судом в порядке гражданского судопроизводства; о принятии отказа от гражданского иска и прекращении производства по нему; об утверждении мирового соглашения либо соглашения об урегулировании спора в порядке медиации по граж-

данскому иску и прекращении производства по нему; об оставлении гражданского иска без рассмотрения.

Несмотря на важность иска в уголовном процессе, существует ряд проблем, с которыми сталкиваются потерпевшие и суды. Одна из основных проблем заключается в сложности в установлении причинной связи между преступлением и ущербом. Другой проблемой является недостаточность материальных и правовых ресурсов для обеспечения полного возмещения ущерба, что делает невозможным восстановление всех потерянных благ потерпевшего. Кроме того, проблема взаимодействия между уголовным и гражданским процессами остаётся актуальной. Некоторые случаи требуют одновременного рассмотрения уголовного дела и гражданского иска, что может затруднять и удлинять процесс, а также увеличивать нагрузку на судебные органы.

В связи с чем, судом может быть признано право за гражданским истцом на удовлетворение его гражданского иска и о передаче вопроса о его размере на рассмотрение в порядке гражданского судопроизводства указывается судом в приговоре (постановлении) и такое решение может быть принято только в тех случаях, когда все предусмотренные законом основания для удовлетворения иска при главном судебном разбирательстве уголовного дела установлены и они свидетельствуют об обоснованности иска, однако, его размер без отложения разбирательства уголовного дела точно определить невозможно.

В заключении хочется отметить, что рассмотрение иска в уголовном процессе представляет собой важный аспект правосудия, который направлен на защиту интересов потерпевших и компенсацию ущерба. Несмотря на существующие проблемы, такая практика имеет значительное значение как для потерпевших, так и для эффективного функционирования судебной системы в целом. Судебная практика и законодательные изменения должны направляться на улучшение механизмов рассмотрения иска, улучшение взаимодействия между различными процессуальными институтами и обеспечение справедливости для всех участников процесса.

САЛЫҚТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мемлекеттік қаржыны қалыптастырудың негізгі көздерінің бірі – салықтар. Өзінің тарихи дамуы барысында салықтар мемлекеттік аппаратты ұстауға, мемлекет қызметіне байланысты шығыстарды қаржыландыруға және оның функцияларын жүзеге асыруға арналған құрал ретінде пайдаланылды. Салықтар – сонымен қатар, қоғамда болып жатқан әртүрлі әлеуметтік-экономикалық процестердің қуатты реттеушісі болып табылады. Сол себепті де салықтарды төлеу міндеті ҚР Конституциясымен бекітілген.

Заңмен бекітілген салықтарды төлеу міндеттілігі ҚР Конституциясының 35-бабында [1] бекітілген және салықтар мен алымдар туралы заңнамалармен қарастырылған белгілі бір жағдайлардың жиынтығы болған сәттен бастап күшіне енеді. Атап айтқанда, салық объектісі, салық төлеуші және ең бастысы салық объектісі мен салық төлеуші арасындағы байланыс, сондай-ақ салықты төлеу мерзімі белгіленуі керек. Салық объектісінің ажырамас сипаттамасы оның пайда болуы мен болмысының салық төлеушіге тәуелділігі болып табылады, салық төлеуші өзінің салық салынатын қызметін салық төлеу фактісін табиғи апатқа ұшырамайтындай етіп құрудың нақты мүмкіндігіне ие болуы керек. Салық төлеу бойынша барлық қатынастар олар мемлекет белгілеген құқықтық қатынастар аясында жүреді. Салық қатынастарының міндетті субъектілерінің бірі әрқашан басқа субъектілерге қатысты билік өкілеттіктеріне ие, императивті ықпал ету шараларын қолдана отырып, сол арқылы осы қатынастардың сипатын анықтайтын мемлекет болып табылады [2, 12 б.]. Бұл жерде қоғамдық құқық саласында бар қатынастардың мемлекеттік-билік жағы айқын көрінеді, өйткені, жеке тұлғалардың мүдделерінен басым болатын мемлекеттік, қоғамдық бірлестіктер салық салу үшін басым құқықтарға ие. Сонымен бірге, билік өкілеттіктерін жүзеге асырудың шекараларын анықтай отырып, заң шығарушы салық төлеушілерге жүктелген міндеттерді жүзеге асырудың нысандары мен әдістерін таңдауда белгілі бір тәуелсіздікке мүмкіндік береді.

Салық саласындағы екі міндетті орындау үшін мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары көзделген. «Мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары» терминінің өзі мәжбүрлеудің заңды немесе заңсыз екендігіне байланысты әртүрлі мағынаға ие болуы мүмкін. Егер мәжбүрлеу құқықтық нормаларды бұза отырып жүзеге асырылса, онда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік нормаларын қолдануға болады. Оған бірнеше мысалдар келтірсек: уәкілетті емес тұлға мәжбүрлеуді жүзеге асырған жағдайда немесе оған заңды негіздер болмаған кезде, мемлекеттік мәжбүрлеу шарасын қолданудың нормативтік белгіленген тәртібін, шарттарын, қағидаттарын сақтамай мәжбүрлеген жағдайда.

Салық қызметі органдарының салық заңнамасының орындалуын бақылауы, яғни салық қызметі субъектілерінің заңнамада белгіленген мемлекет алдындағы өз міндеттерін орындауын бақылау маңызды болып табылады [3, 24 б.]. Бұдан басқа, мемлекеттік мәжбүрлеу нормаларын заңды емес қолданудан болатын залалды барынша азайтуға немесе өтеуге мүмкіндік беретін нормалар көзделген. Мұндай нормаларға салық төлеушілердің оларды салық органдарының заңсыз әрекеттерінен қорғауға бағытталған құқықтары, сондай-ақ салық органдарының салық төлеушілерге келтірілген залалдарды өтеу міндеті жатады. Егер салық органдары лауазымды адамдарының іс-әрекеттері заңды болған жағдайда, тексерілетін тұлғалар мен олардың өкілдеріне келтірілген залалдар өтелуге жатпайды.

Салық міндеттемелерін орындамаған кез-

де мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары және оларды қолдану тәртібі салық, әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық-атқару, төрелік және азаматтық заңнамада көзделген. Процессуалдық тұрғыдан алғанда, құқықтың әртүрлі салаларында белгіленген мемлекеттік қажеттілік түрлерін пайдалану уәкілетті мемлекеттік органдардың құзыретін анықтау қажеттілігімен байланысты. Ұйымдастырушылық тұрғыдан алғанда, құқықтың әртүрлі саласында белгіленген мемлекеттік мәжбүрлеу түрлерінің өзара әрекеттесуі фискалдық және құқық қорғау ведомстволарының қызметін өзара үйлестіруден тұрады.

Салық салу саласындағы мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары салық қатынастарына қатысушы әрбір тұлғаның осы қатынастардан туындайтын өз міндеттерін орындауын қамтамасыз етуге арналған. Алайда, мемлекеттің осы салада айқын материалдық қызығушылығы – жиналған салықтар және ол тиісті ережелерді қабылдау арқылы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының жүйесін құрайтындықтан, бұл мәжбүрлеу негізінен салық төлеушіге қарсы бағытталған [4, 82 б.].

Салық заңнамасы салықтың жекелеген түрлеріне қатысты олардың мөлшерін анықтаудың әртүрлі тәсілдерін белгілейді. Кейбір жағдайларда мұны тікелей салық органдары жасайды және салық төлеушінің міндетіне салық органы өзі үшін есептеген салық сомасын төлеу ғана кіреді. Мұндай механизм, мысалы, азаматтар жер салығын төлеген кезде белгіленеді, онда салықты есептеуді салық қызметі органдары жыл сайын ағымдағы жылдың бірінші тамызынан кешіктірмей төлеушілерге салық төлеу туралы төлем хабарламаларын береді, ал соңғысы оны ағымдағы жылдың қазан айының бірінен кешіктірмей төлеуге міндетті. Әрине, салық мөлшерін мәжбүрлеп түзету, ең алдымен, оны есептегеннен аз мөлшерде болған жағдайда орын алады. Алайда, бұл түзету салық талап етілгеннен көп мөлшерде есептелген жағдайларда да орын алуы керек. Мысалы, салық төлеуші салықты дұрыс төледі деп санайды, бірақ салық органы салықтың артық төленгенін анықтады. Бұл жағдайда салық органы салық сомасын қайта есептеуді жүргізуге (яғни, салық мөлшерін мәжбүрлеп түзетуді жүзеге асыруға) және артық төленген салық сомаларын «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (СК) заңның 102-бабында көзделген ретте қайтаруға міндетті [5]. Қалай болғанда да, салық органы салық төлеушінің салық сомасын асыра төлеу жағынан жіберген

қатесін анықтаған кезде, бұл орган бұл туралы оған ресми түрде хабарлауға міндетті. Салық қызметі органы салық төлеушілердің құқықтарын сақтауға және қорғауға, мемлекет алдындағы салықтар мен басқа да қаржылық міндеттемелердің дұрыс есептелуіне бақылауды жүзеге асыруға міндетті екенін ескергеніміз жөн. Салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша берешек пайда болған кезде салық органдары салық кодексінің 614-бабына сәйкес мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға міндетті.

Салық төлеушілердің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру. Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардағы банк шоттары бойынша ұйымдар мен азаматтардың шығыс операцияларын тоқтата тұру Салық кодексінің 118-бабында көзделген және салық төлеушінің құқыққа қарсы іс-қимыл шараларының жолын кесу не болашақта салық бұзушылығының жасалуын айқындау ретінде әрекет етеді. Бұл шараны қолдану тек үш жағдайда ғана мүмкін екенін есте ұстаған жөн: 1) салық органдарының анықталған салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы талаптары орындалмаған жағдайлары; 2) салық органдары лауазымды адамдарының тексеруге және зерттеп-қарауларға жіберілмеуі; 3) салық қызметіне кірістерді есептеуге, салық салу объектілерін ұстауға, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеуге және төлеуге байланысты бухгалтерлік есептер мен баланстарды, есеп-қисаптарды, декларациялар мен басқа да құжаттарды ұсынбауы жатады.

Шот бойынша операцияларды тоқтата тұру, біріншіден, салық органдарының заңды және негізделген талаптарына негізделуі керек. Мысалы, салық төлеушінің салықтық тексерулер жүргізудің белгіленген мерзімділігін бұзуы салдарынан тексеруге жібермеуі не азаматтың тұрғын үйіне қол сұғылмау конституциялық құқығына байланысты өзінің тұрғын үйіне тексерушілерді жібермеуі шот бойынша операцияларды тоқтата тұру туралы шешім шығаруға негіз бола алмайды. Екіншіден, салықты төлемей немесе оны төлеуден бас тарту, сондай-ақ бухгалтерлік есепті жүргізу тәртібін бұзу, құжаттарды ұсыну мерзімдерін бұзу не оларды нысан бойынша ұсынбау және т.б. сияқты себептер шот бойынша операцияларды тоқтата тұру үшін негіз бола алмайды. Барлық жағдайларда шот бойынша операцияларды тоқтата тұру салықты, айыппұл-

ды немесе өсімпұлды төлеу туралы талаппен ұштаса алмайды, өйткені, шот бойынша операцияларды тоқтата тұру, берешегін мәжбүрлеп өндіріп алу, айыппұл мен өсімпұл салу – бұл өзінің дербес негіздері мен қолдану тәртібі бар құқық бұзушыға заңды ықпал етудің әртүрлі шаралары болып табылады. Яғни, салық төлеушінің банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға жататын мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары ақаулы салық төлеушіні жазалау үшін заңды жауапкершілік шаралары ретінде пайдаланылмауы тиіс.

Құжаттарды алып қою. Салықтық тексеру процесінде жалған және қолдан жасау анықталған, сол арқылы әкімшілік құқық бұзушылық фактісін куәландыратын құжаттар төлеушіге берілген құжаттар тізімдемесі бар актіні табыс ете отырып, алып қойылады.

Құжаттарды алып қою арнайы кәсіпорының, мекеменің, ұйымның лауазымды адамдарының қатысуымен жүргізіледі. Құжаттарды алып қою туралы акт (хаттама) белгіленген нысан бойынша екі данада жасалады, оның біреуі алып қою жүргізілетін лауазымды адамға қол қойғызып тапсырылады. Бұл ретте оның алып қою актісіне (хаттамасына) енгізілуге жататын осы әрекеттер жөнінде мәлімдеме жасауға құқығы бар.

Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде құжаттарды алып қою екі мақсатты көздейді: 1) салық заңнамасын бұзудың жолын кесу; 2) осы құқық бұзушыны заңды жауапкершілікке тарту кезінде заңнаманы бұзу фактісін дәлелдермен қамтамасыз ету. Бұл шараны қолдануға екі белгіден тұратын негіз бойынша ғана жол берілетініне назар аудару керек, олар: а) құжаттардың жалған немесе қолдан жасалған болуы; ә) салық заңнамасын бұзу туралы куәліктің болуы.

Салық қызметі органдарының салық алуы. ҚР СК 13-тарауына сәйкес, егер салық төлеуші немесе дебиторлар осындай берешекті төлеуге келіссе, салық қызметі органдары салық төлеушілердің немесе оның дебиторларының шоттарынан салықтар, айыппұлдар және өсімпұлдар бойынша пайда болған берешек шегінде қаражатты өндіріп алуға құқылы.

Салық органының салық берешегін өндіріп алуы салық төлеушінің немесе оның дебиторының келісімімен ғана жүргізілетіндігі, осы шараның мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде құқықтық сипатын өзгертпейді, өйткені, осы тұлғалар банк шоттарынан ақша алуға келісім беруден бас тартқан жағдайда, сот арқылы мемлекеттік мәжбүрлеуді іске асыру тетігі қолданысқа енгізіледі.

Салық органдары тарапынан салық алудың белгіленген тәртібін бұзу (мысалы, салық төлеушіден келісім алмай тиісті соманы есептен шығаруға банкке өкім қою) заңсыз өндіріп алынған салық сомасын қайтарудан және келтірілген залалдарды өтеуден басқа, салық органын ҚР заңнамасында белгіленген заңды жауапкершілікке тартуға әкеп соғады. Сонымен қатар, осы органдардың лауазымды тұлғалары тиісті әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Салық төлеушінің мүлкінен өндіріп алу. Салық органдары жүзеге асыратын салық төлеушінің мүлкінен өндіріп алу рәсімі екі кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезеңде салық органы мүлікке билік етуді шектеуді белгілейді; екінші кезеңде бұл мүлікті сату жүзеге асырылады.

ҚР СК 120-бабына сәйкес, салық берешегін төлеуді қамтамасыз ету үшін салық қызметі органдарының салық төлеушінің және оның дебиторларының шоттарында қаражат болмаған жағдайда, Үкімет айқындаған тәртіппен салық төлеушінің мүлкіне билік етуін шектеу туралы шешім шығаруға құқығы бар.

Мұнда екі негізгі тармақты атап өтеміз: біріншіден, бұл шараны қолдану салық төлеушінің банктік шотынан ақшаны есептен шығарудың айырмашылығы, оның келісімін талап етпейді, алайда, екіншіден, бұл шара салық төлеуші мен оның дебиторлары (яғни, бір уақытта) өздерінің банктік шоттарында ақша болмаған жағдайда ғана қолданыла алады. Демек, егер салық төлеуші немесе оның дебиторлары салық органының өкімі негізінде олардан ақша алуға келіспесе, онда соңғысы мүлікке билік етуді шектеуге құқылы емес – ол салық төлеушіден оның банктік шотындағы қаражатты өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы. Сондай-ақ, бұл шара салық төлеушіге қатысты ғана қолданылады, ал оның дебиторларына қолданылмайды.

Билік етуі шектелген мүлік салық төлеушінің пайдалануында қалады, ол оның сақтауына жауапты болады. Берешек өтелген жағдайда билік етуді шектеу туралы шешімнің күші жойылуға жатады.

Салық заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою. Салық органдары салық заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жою туралы басшыларға және басқа да лауазымды адамдарға, сондай-ақ азаматтарға орындалуы міндетті нұсқаулар беруге және олардың орындалуын бақылауға құқылы.

Салық заңнамасын бұзу әртүрлі болуы мүмкін және салық салудың кез келген элементіне қатысты болуы мүмкін. Осылайша,

олар салық субъектілеріне (мысалы, салық есебіне қойылмау), салық заңнамасының кең таралған бұзылуын (салық объектісін есепке алудың болмауы, салық салу ставкаларын дұрыс қолданбау), салық төлеу тәртібіне (мысалы, белгіленген мерзімде салықты төлемеу, салық декларациясын ұсынбау), салық жеңілдіктерін қолдануға және т.б. қатысты орын алуы мүмкін.

Құқықтың әр саласы өзінің қорғаныс механизміне ие және өзінің заңды жауапкершілік шараларын белгілейді. Сонымен, азаматтық құқық өзінің құқықтық нормалары нұсқамаларының орындалуын қамтамасыз ету үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік шараларын, қаржылық (салықты қоса алғанда) – қаржылық-құқықтық жауапкершілік шараларын, еңбек құқығы – осы құқық саласында қолданылатын қорғаныс механизмінің элементтеріне қатысты тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын және т.б. қолданады. Бұл жағдайда құқықтың бір саласы екіншісіне қолданылмайды: азаматтық-құқықтық санкциялар азаматтық-құқықтық қатынастар аясында жүзеге асырылады және оларды қорғау үшін қолданылады, қаржылық-құқықтық санкциялар қаржылық (оның ішінде салықтық) құқықтық қатынастар аясында және қорғау үшін қолданылады және т.б.

Ерекшелік әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік болып табылады, олар құқықтық қатынастардың барлық түрлерін қорғау үшін пайдаланылады және құқықтың әртүрлі салаларына қатысты құқықтық нормалар нұсқамаларының орындалуын қамтамасыз ету құралы болып табылады. Жауапкершіліктің бұл түрлері үшін қандай салалық қатынастар бар екендігі маңызды емес.

Салық міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету шараларын қарауды қорытынды-

лай келе, келесі қорытынды жасауға болады. Салық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін мемлекет кешенді құқықтық институтты құрайтын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданады. Бұл салық міндеттемелерін орындамаған кезде мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары және оларды қолдану тәртібі салық, әкімшілік, қылмыстық, қылмыстық-атқару, төрелік және азаматтық заңнамада көзделгендігімен расталады.

Салық міндеттемелерін орындамаған кезде мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары – алдын алу, жолын кесу, құқықты қалпына келтіру және жазалау шараларын қамтиды. Олардың негізгілері құқықтық қалпына келтіру шаралары болып табылады, өйткені олар заңнамада белгіленген мерзімде төленбеген салықтар мен өсімпұлдарды өндіріп алуға бағытталған. Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын талдау мемлекеттің оларды қолдануда: «кәсіпкерді бас бостандығынан айырудан гөрі бюджетті толтыру жақсы» деген ұстанымды ұстанатынын көрсетті.

Құқықтық қалпына келтіру шаралары жазалау шараларын қолдану қатерімен немесе салық міндеттемесін орындамайтын тұлғаны жауаптылыққа тарту шеңберінде іске асырылады. Салық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қолданылады, ал салық жауапкершілігі әкімшілік жауапкершілік болып табылады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілік шаралары қолданылмайды, ал алынатын өсімпұл немесе айыппұл азаматтық-құқықтық жаза болып табылмайды.

Гүлнұр РАШЕВА,
философия (PhD) докторы,
аға оқытушы
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Динара УСЕНБАЕВА,
жеке кәсіпкер

Түйін. Ұсынылып отырған мақалада салықтарды төлеуге байланысты міндеттерді құқықтық реттеу, салық міндеттемелерін тиісінше орындауды қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының жүйесі мәселелері қарастырылған. Бұл құбылыстың азаматтық-құқықтық сипаттағы шаралардан тәуелсіздігін салыстыру арқылы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: салық, салықтық міндеттеме, мемлекеттік мәжбүрлеу, салық органдары.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1) ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
- 2) Налоговое право Республики Казахстан (вопросы теории и практики) [Текст] : автореф. дис.... д-ра юрид. наук: Е. В. Порохов. - Алматы : [б. и.], 2009. - 41 с.
- 3) Ермекбаева Б. Ж. Арзаева М. Ж. Салықтық жоспарлау және бақылау [Мәтін]: оқу құралы / Б. Ж. Ермекбаева, М. Ж. Арзаева. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2009. - 131б.
- 4) Худяков А. И. Налоговые правонарушения. - Алматы: ТОО Баспа, 1997. - 135 с.
- 5) Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) 2017 ж. 25.12. № 120-VI ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120>

КОГДА ПАМЯТЬ ЛЖЕТ: КАК СТРЕСС ПРЕВРАЩАЕТ В ЛЖЕСВИДЕТЕЛЕЙ

Иногда человек произносит фразу: «Я это видел своими глазами» с такой уверенностью, что в ней не сомневаются ни следователь, ни суд. Но спустя время выясняется: события, которые он описывал, не происходили. Ни свидетелей, ни улик, ни камер наблюдения – только уверенное «воспоминание».



Казбек АХМЕТОВ,
психолог, докторант КазНУ
им. аль-Фараби

Такие ситуации не редкость. И они пугают. Пугают не потому, что кто-то врет намеренно, а потому что иногда ложь прорастает в самой памяти. Как? Через стресс.

Представьте человека, который оказался на допросе. Его не бьют, не кричат, не угрожают. Просто задают вопросы – снова и снова. Следователь дружелюбен, но настаивает: «Подумайте еще раз. Вы уверены? Вспомните точнее. Не могло быть так, как вы сказали?» Сначала человек отвечает уверенно. Потом – осторожнее. А затем начинает сомневаться. Он не спал ночь, он напуган. Он не понимает, что от него ждут. Его тело напряжено, мысли спутаны, страх не отпускает.

И в какой-то момент он начинает «вспоминать» то, чего не было. Не потому что его заставили. Не потому что он злонамерен. А потому что его мозг, уставший от перегрузки, сам достраивает историю, в которую легче всего поверить. Стресс не просто влияет на эмоции – он меняет восприятие, искажает саму ткань памяти.

Это давно известно науке. Одной из первых, кто доказал ненадежность воспоминаний, была американский психолог Элизабет Лофтус. Ее эксперименты потрясли как научное сообщество, так и правовую систему.

В одном из них испытуемым показывали видеозапись аварии, а затем задавали вопрос: «С какой скоростью ехали машины, когда они разбились друг о друга?» Это слово – «разбились» – вызывало у людей воспоминание о разбитом стекле. Хотя никакого стекла на видео не было.

Всего одно слово – и в голове возникает образ, которого не существовало. Это называется «эффект дезинформации» – и он особенно силен, когда человек находится в стрессовом состоянии.

В другом эксперименте Лофтус внедрила испытуемым ложное детское воспоминание. Им рассказывали, будто бы они в детстве потерялись в торговом центре. Через несколько сеансов значительная часть участников начала вспоминать этот вымышленный эпизод как настоящий – с запахами, эмоциями, тревогой. Их мозг сам дорисовывал детали.

А теперь представьте, что вместо доброжелательного психолога перед человеком сидит следователь. Вопросы звучат настойчиво, иногда резко. Повторяются по кругу. Добавляются версии: «Вы точно не брали зажигалку? Может, зашли случайно?». И спустя часы человек начинает колебаться. «Может, действительно?..». Так и появляется ложная память – не как вымысел, а как защитная реакция психики.

В юридической практике это приводит к трагедиям. Люди признаются в преступлениях, которых не совершали. Свидетели уверенно говорят о деталях, которых не видели. Под давлением обстоятельств мозг «выдает» спасительную картинку – лишь бы прекратилось напряжение, лишь бы отпустили, лишь бы поверили.

И это не всегда происходит от злого умысла со стороны следователя. Даже нейтральное поведение, но повторенное десятки раз,

может вызвать эффект внушения. А стресс становится катализатором – как горелка под колбой: все начинает кипеть, меняться, и в итоге превращается во что-то совершенно иное, чем было изначально.

Уже сегодня в некоторых странах ищут способы защитить свидетелей и подозреваемых от искажения памяти. В Швеции, например, для допросов используются специальные помещения – с мягким светом, звукоизоляцией и участием психолога. Это снижает уровень кортизола – главного гормона стресса – почти на 40 процентов. А значит, снижается и риск того, что человек будет «вспоминать» не то, что было.

Но такие методы пока редкость. В большинстве случаев допрос проходит в холодной комнате, где человек остается один на один со своим страхом. И чем дольше он находится в этом состоянии, тем выше вероятность, что его воспоминания станут искаженными, а иногда и полностью вымышленными.

Что можно сделать уже сейчас? Начать с малого. Дать человеку паузу перед ответом. Не задавать наводящих вопросов в первые минуты. Следить за тем, в каком состоянии человек дает показания. Оценивать не только слова, но и поведение: взгляд, дыхание, жесты. Память – вещь хрупкая. Она легко ломается под давлением. И то, что мы слышим из уст свидетеля, – это не всегда прямая дорожка к правде. Иногда это лишь отражение того, насколько страшно было по ней идти.

Нам нужно переосмыслить само понятие правды в суде. Правда – это не просто набор фактов. Это еще и состояние, в котором человек эти факты вспоминает. Без этого понимания правосудие рискует опереться не на реальность, а на иллюзию. А иллюзии, как известно, плохо держат вес приговора.

ТАТУЛЫҚТЫ САҚТАУДЫҢ КЕШІЛІ

Медиацця – дала заңын тірілткен, дауларды татуласу арқылы шешудің балама әдісі. Қазақтың ежелгі құқықтық құжаттарында түйткілді реттеудің негізгі нысаны ретінде бітімгершіліктің танылғаны белгілі. Тұрмесіз-ақ тентектерді түзеуге тырысқан қазақ халқы медиаццияның қыр-сырын бұрыннан меңгерген. Өйткені, халқымыз үшін кез келген келіспеушілікті ортақ келісім, өзара мәмілемен шешу басты ұстаным болған еді. Сонау Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, әз Тәукенің Жеті жарғысынан тамыр алған бітімгершілік механизмі бүгінде ел игілігіне қызмет етіп жатыр.

Медиацция туралы заңның қолданысқа енгізілгеніне де он төрт жылдың жүзі болды. Осы уақыт аралығында бұл заң ел ішінің тыныштығын сақтап, татулығын нығайтуға, ағайынның арасындағы сыйластыққа сына түсірмей, тараптардың кикілжіңін бейбіт келісіммен түйіндеуге заңдық негіз қалап келді. Дала заңы бойынша ел ішінде туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе ел арасында беделі бар жергілікті ақсақалдар шешсе, қазіргі даулар медиаторлардың, ауыл ақсақалдарының, ең бастысы судьялардың көмегімен дұрыс шешімін тауып отыр.

Сот төрелігінің негізгі міндеті – азаматтардың құқығы мен мүддесін заңға сай тиімді қорғауға бағытталған. Ал медиаццияның түпкі мақсаты дауды қарау барысында екі тарапты да қанағаттандыратындай нұсқаға қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Тәжірибе көрсеткендей, соңғы жылдары Қазақстанда медиацция институтына сенетіндер, дауды медиаторлар көмегімен реттеуге ынталылар саны артқан. Себебі халық сотта іс қарау мен медиацция арқылы дауды шешу арасындағы айырмашылықты түсіне бастады. Құқықтық, зайырлы қоғамда барлық мәселе, азаматтар арасындағы қарым-қатынас заңға сүйене отырып шешімін тапқанымен, қаржысын, уақытын, денсаулығын, жүйкесін, айналамен сыйластығын жоғары қоятын азаматтар медиаццияның артықшылығын ұғына түсті. Шын мәнінде медиацция – сотқа дейінгі бейбіт келісімге келудің өркениетті жолы. Медиацция арқылы адамдар бір-бірін тыңдауға, түсінуге, шешім іздеуге үйренеді. Бұл –



Бақдәулет ЕСЕНБАЕВ,
Алматы қаласы
Мобилділік басқармасы құқықтық қамту
бөлімінің бас маманы

тек сот жүктемесін азайтатын құрал емес, қоғамдағы келісім мен сенімді нығайтатын мәдени өзгеріс.

Істерді сотта қарау мен медиацция арқылы реттеудің айырмашылығы жер мен көктей.

Біріншіден, сот тек заңға сүйене отырып, ортақ талапқа сәйкес дауларды қарайды. Бір

дау бойынша шешім шығару бірнеше сот отырысына созылуы мүмкін. Сот процесіне қатысушылардың бірінің себеппен, екіншісінің себепсіз сот отырысына келмеуі де процестің созылуына әсер етеді. Ал медиация – ерікті келісім. Екі тарап ақылдаса отырып, белгілі бір уәжге тоқтағандықтан, дауға бір басқосуда нүкте қоюға ештеңе кедергі келтіре алмайды.

Екіншіден, сотта әр істі қараудың қаржылық салдары да осал емес. Сотқа талап-арыз беру үшін баж салығын төлеуге тура келеді. Кәсіпкерлер сот ісі деп жүріп, жұмысын ақсатады, табысын төмендетеді. Үнемі сот отырысы деген желеумен жұмыстан сұранатын қызметкерді де әріптестерінің жақтыра бермейтіні түсінікті. Сонымен бірге сотта мүдденді қорғайтын, құқықтық кеңес беретін заң кеңесшісі мен адвокатқа да аз қаржы жұмсалмайды. Осы тұрғыдан алғанда медиация өте тиімді тәсіл. Себебі, медиацияда заңгер жалдаудың, адвокат қызметіне жүгінудің керегі жоқ. Тараптар татуласқан жағдайда төленген баж салығы қайтарылады. Әрі кәсіпкерлер қайта-қайта сұранып табысының төмендеуіне жол бермейді. Мемлекеттік қызметкерлер де дауды тез әрі сапалы шешкендіктен, қызметіне кедергі келмейді.

Үшіншіден, сот – жария отырыс, ал медиацияда тараптардың құпиясы толық сақталады. Бұл да тараптардың медиацияны таңдауына ықпал ететін ерекше артықшылық.

Төртіншіден, сот – дау алаңы болғандықтан, өз уәжінің дұрыстығын дәлелдегісі келген тараптардың бір-бірімен дауласуы, бет жыртысуы, бір-бірінің мінін теріп, кемшілігін көрсетуі қалыпты жағдай. Осы тұрғыдан алғанда медиация рәсімдері кезінде екі тарап бір-бірін тыңдайды, өзара түсінісіп, талап қоя отырып, ортақ келісімге келеді. Бұл өз кезегінде тараптар арасындағы сыйластықты нығайтады, ашумен емес, ақылмен іс жасауға ықпал етеді.

Бесіншіден, ең негізгі басымдық ретінде сот актілерінің орындалуына қатысты ерекшелікті атауға болады. Бүгінде сот шешімі шыққанымен, атқарушылық құжаттардың орындалмауы қалыпты үрдіске айналды. Басқаны былай қойғанда, елімізде кәмелет-

ке толмағандарға тиесілі алимент бойынша қарыз қордаланған. Өзінің ұл-қызының алдында материалдық борышын өтемеген ата-аналар жеткілікті. Осындай жауапсыз жандар қандай мәжбүрлеу шарасы қолданылса да, сот актілерін орындауға асығар емес. Медиацияда жағдай мүлде бөлек. Тараптар татуласып, өз еріктерімен, өз талаптарын қоя отырып ортақ мәмілеге келгендіктен, мұндағы келісім дер кезінде жылдам әрі сапалы орындалады. Ендеше, медиация сот актілерін уақытылы орындатуымен құнды.

Алтыншыдан, соттың іс қарау қорытындысы бойынша бір тарап жеңіп, екінші жақтың жеңілетіні белгілі. Кейде екі жақтың да көңілі толмай қалатын кездер болады. Ал медиация барысында екі жақты да қанағаттандыратын шешім қабылданады. Екі тарап бітімгершілікке келсе, екі жаққа да тиімді шешім шығарылады.

Медиация туралы заңда дәйектелгендей, судья барлық сот сатыларында тараптарға дауды реттеуге көмектеседі. Судья шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу рәсімін жасау арқылы дауды толық немесе ішінара аяқтауға болады. Заңнамаға сәйкес, екі тараптың келісімге келу туралы өтінішхатын судья сот отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды. Судья өтінішхатты қарау нәтижелері бойынша осындай келісімді бекіту немесе бас тарту туралы ұйғарым шығарады. Егер екі тарап мәмілеге келуді қаламаса, іс жалпы тәртіппен жүргізіледі. Бірінші сатыдағы сотта іс медиацияны жүргізетін басқа судьяға беріледі. Ол татуластыру рәсімдерін жүргізетін күнді белгілеп, екі тарапқа оның болатын күні мен уақыты туралы хабарлайды. Кейбір жағдайларда медиация рәсімдерін істі алғаш қараған судья жүргізуі мүмкін. Бұл әрине, екі тараптың өтінішіне байланысты.

Жалпы алғанда, медиация рәсімін қолдану азаматтар үшін де, сот үшін де тиімді. Сотқа тиімді болатын себебі, бітімгершілікпен біткен істер арқылы сот жүктемесі азаяды. Ал медиация тараптар арасындағы татулықты, тыныштықты сақтап, дауқестікті азайтудың кепілі. Сондықтан, медиацияның маңызын түсіндіруді үнемі басты назарда ұстағанымыз жөн.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер он томдық; бас редактор С.З. Зиманов. – Алматы: Жеті жарғы, 2004.
2. Төрекұлов Н., Қазбеков М., Қазақтың би-шешендері, Алматы, 1993.
3. Медиация туралы құқықтық актілер жинағы және олардың қолданылуы. Әдістемелік құрал; ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2017.
4. О.Қ. Қазиев. Медиация. Оқу құралы. ЖК «LP-Zhasulan», Алматы, 2021.

В ПОРЯДКЕ СУБРОГАЦИИ

Суброгация (от латинского слова subrogatio – замена) – переход прав и обязательств одного лица к другому. В страховании данный термин имеет более узкое значение и касается в первую очередь возмещения ущерба.

В страховании суброгация – это передача страховщику права действовать от лица страхователя и требовать от виновника компенсации убытков, причиненных имуществу клиента.

В соответствии с п. 1 ст. 840 Гражданского кодекса Республики Казахстан (далее – ГК РК), если договором имущественного страхования не предусмотрено иное, к страховщику, осуществившему страховую выплату, переходит в пределах уплаченной суммы право требования, которое страхователь (застрахованный) имеет к лицу, ответственному за убытки, возмещенные в результате страхования.

Однако условие договора, исключающее переход к страховщику права требования к лицу, умышленно причинившему убытки, ничтожно. Перешедшее к страховщику право требования осуществляется им с соблюдением правил, регулирующих отношения между страхователем (застрахованным) и лицом, ответственным за убытки.

Согласно Нормативному постановлению Верховного Суда Республики Казахстан от 6 октября 2017 года № 8 «О судебной практике по спорам, вытекающим из договоров страхования», дела указанной категории рассматриваются по общим правилам территориальной подсудности – по месту нахождения ответчика. Закон Республики Казахстан от 18 декабря 2000 года №126-ІІ «О страховой деятельности» (далее – Закон) разграничивает субъектов обращения по видам страхования и ограничивает сумму их требований.

Так, физические лица и (или) субъекты малого предпринимательства, являющиеся страхователями (застрахованными, выгодоприобретателями), вправе обратиться к страховому омбудсману для урегулирования разногласий по всем видам страхования.

Иные юридические лица могут обратиться к страховому омбудсману только по классу (виду) обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев транспортных средств.

Сумма требований по разногласиям данных



Салтанат МАМАНОВА,
главный специалист отдела
по праворазъяснительной работе
и оказанию юридических услуг
Департамента юстиции
Костанайской области

лиц не должна превышать десятикратный размер МРП.

Поскольку законодатель использует деление субъектов обращения на физические лица и (или) субъекты малого предпринимательства, а остальных субъектов обращения определяет как иные юридические лица, то, следовательно, при обращении индивидуального предпринимателя следует относить его к категории физических лиц, которое может обратиться к страховому омбудсману по всем ви-

дам страхования, независимо от того, к какой категории субъектов предпринимательства он относится.

Лица, указанные в ч. 2 п. 1 ст. 86 Закона, являющиеся страхователями (застрахованными, выгодоприобретателями), а также страховщик вправе обратиться в суд в соответствии с законодательством Республики Казахстан после получения решения страхового омбудсмена.

Приведенная норма свидетельствует о необходимости соблюдения вышеуказанными лицами порядка досудебного урегулирования спора. Взыскание в порядке суброгации подразумевает применение принципа добросовестности участников гражданских правоотношений. Не получится компенсировать убытки, если не обосновать требование.

Классическим примером суброгации является дорожно-транспортное происшествие. После возмещения ущерба потерпевшей стороне, в случае превышения размера страховой выплаты компания-страховщик имеет право потребовать эти средства от непосредственного виновника аварии. Это возмещение может носить как добровольный, так и принудительный характер, то есть взыскание необходимой суммы в суде.

Договор страхования – реальный договор – вступает в силу с момента причинения вреда. В связи с этим право требования компенсации с должника возникает с момента выплаты компанией-страховщиком денежной премии потерпевшему. Иначе говоря, сколько страховщик вынужден был заплатить потерпевшему лицу, столько он может требовать в порядке суброгации. Суброгация не является видом регрессных требований. При регрессе возникает новое обязательство, тогда как при суброгации происходит перемена лица (кредитора) в существующем обязательстве.

Страховщик, осуществляя страховую выплату, не возмещает вред за причинителя вреда, законом на него такая обязанность не возлагается, он исполняет свои обязательства по договору страхования, после чего к нему переходят права кредитора в существующем обязательстве между страхователем (выгодоприобретателем) и лицом, причинившим вред. Страховщик, предъявляя перешедшее к нему в порядке суброгации требование к лицу, причинившему убытки, обязан руководствоваться теми нормативными актами, которые регулируют отношения, существующие между страхователем (выгодоприобретателем) и причинителем убытков. Виновный вправе заявлять свои возражения страховщику, которые он мог бы заявить пострадавшему

(страхователю), в том числе по размеру вреда. Гражданско-правовая ответственность лица, управляющего транспортным средством в силу трудовых отношений с владельцем транспортного средства или в его присутствии, не подлежит обязательному страхованию, поэтому при возникновении страхового случая действует договор страхования, заключенный между владельцем транспортного средства и страховщиком.

Если при этом у страховщика возникает право обратного требования к страхователю, предусмотренное п. 1 ст. 28 Закона, страховщик предъявляет такое требование к владельцу транспортного средства, а не к лицу, управлявшему им.

На практике, если человек является тем самым виновником и именно из-за его действий наступил страховой случай, после уплаты его кредитором возмещения, страховая компания направит ему претензию, где установит сроки исполнения обязательства.

Если данный человек по какой-либо причине его не исполнит, страховщик пойдет на взыскание в суд.

Игнорировать претензию не рекомендуется, следует ответить письмом (желательно заказным) с изложением причины отказа или невозможности уплатить.

Возможно, страховая пойдет навстречу и, к примеру, предоставит рассрочку. В любом случае факт молчания может отразиться на судебном процессе. Вместе с тем неустановление лица, ответственного за убытки, со стороны страхователя само по себе не может служить причиной невозможности осуществления права требования по его вине и не освобождает страховщика от обязанности по выплате страхового возмещения.

Порой пострадавшая сторона в погоне за прибылью пытается возместить понесенный ею ущерб и за счет виновного лица, и за счет страховой компании. Такие действия незаконны и могут повлечь негативные для этого лица последствия. Таким образом, суброгация – это разновидность замены кредитора в обязательстве без изменения самого обязательства. Применяется в случаях страхования имущества, освобождает должника от всех обязательств перед первоначальным кредитором.

В реальной жизни суброгация – рутинный процесс, упрощающий взаимодействие всех участников происшествия.

Но в редких случаях эта система может приводить к ситуациям, когда страховщик вступает не только в конфликт с желаниями и мнением страхователя, но и с разумностью и практическим смыслом.

ТӘРТІП САҚШЫСЫ – ХАЛЫҚ АЙНАСЫ

«Ерлік – бірдің қлесі емес, бардың қлесі. Осы ерлік жайшылықта күнде сыналып, сәт сайын сараңқатқсе бермейді. Ер екені белгісіз кәдімгі

көптің бірі боп жүрген адам күндердің бір күніне жетеді де қатарынан қараузіп, салғап ұшады. Көп ішінен көлбең етеді де жарқ беріп, бір-ақ бой көрсетеді. Мұны осылай ететін өзгеше күндер, көпке жайылған өзгеше күйлер», – деген заңғар жазушы М.Әуезовтің сөзі Жәнібек аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция пунктiнiң жұмысын ұйымдастыруға жауапты учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Болатбек Оразғалиевке арналғандай.



2019 жылғы қаһарлы қаңтардың әбден күшіне енген аязды әрі бет қаратпас алай-дүлей боранды күні болатын. Жәнібек аудандық полиция бөліміне кезекті қоңырау түсті. Телефонның ар жағынан асығыс, абыржи тіл қатқан әйел он алты жасар қызының боранды күні Жәнібек ауылының оңтүстік бағытын бетке алып, үйден шығып кеткенін жеткізді. Дабыл бойынша жолға шыққан аудандық полиция бөлімінің учаскелік инспекторы, полиция аға лей-

тенанты Болатбек Оразғалиевтің ауызына «Қызды құтқару керек!» дегеннен басқа сөз түспеді.

– Көлігімді күре жолдың бойына тастап, жаяулатып оңтүстікке қарай жүргенімде қасында кішкентай баласы бар әйелдің еңкілдеп жылап отырғанын көріп, жөн сұрасам, мен іздеп келе жатқан қыздың анасы екен. «Қызымды таппай, үйге қайтпаймын» деп қарсыласқан оған «Үйіңізге қайтыңыз» дедім де өзім оның «Қызым осы бағытқа кетті» деген жөн сілтеуімен ілгері қарай жүріп кеттім. Қалың қарға малтығып шамамен екі шақырымдай жүрдім. Атқұлағы көрінбейтін боран ұйытқи соғып, жүрген ізімді әп-сәтте қар бітеп тастап жатты. Тісім-тісіме тимей жаурап тоңдым, әрі

телефонымның қуаты да отыра бастады. Жасөспірімді табудан ендігі күдерімді үзіп, кері қайтамын деп оқталғанымда, әріпектен қараңдаған ноқатты көрдім. Барсам қозғалуға икемі жоқ, әбден әлсіреп, үстіндегі киімдерін шешіп тастап, талықсып кеткен қыз бала жатыр екен. Өзімнің қалшылдап тоңғаныма қарамай сырт киімімді шешіп, қызды киіндіріп, аяқ-қолын қармен ысқылап, арқама салып, телефоным өшіп қалмай тұрып аудандық аурухана мен төтенше жағдайлар бөліміне хабарласып үлгердім. Кейін ойласам өзім де өмірімді қатерге тіккен екенмін ғой, қайтар жолды таба алмай боранда үсіп өліп кетуім де мүмкін еді, – дейді сол оқиғаны қаз қалпында баяндаған батыр жігіт.

ҚР Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылғы 29 қарашадағы Жарлығымен Болатбек Ерболатұлы «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Кейіпкеріміздің қызметтік міндетін адал атқарғаны, жұмыста жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін Жәнібек аудандық полиция бөлімінің, Батыс Қазақстан облыстық Ішкі істер департаментінің басшылығы мен Жәнібек ауданы әкімінің атынан алған грамота мен алғысхаттардың өзі бір папка болыпты. Болатбек 2017 жылдың қорытындысына сай аудан бойынша «Құқық қорғау саласының үздігі – 2017» аталымын жеңіп алған болатын. 2024 жылы Болатбек Оразғалиев «Учаскелік полиция инспекторына – 100 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.

Бүгінде кәсіби толысып, әбден кемеліне келген Болатбек Оразғалиев Жәнібек ауданына қарасты Ақоба ауылында дүниеге келді. Әкесі Ерболат Шәпенұлы мен анасы Жібек Ақболатқызы отбасындағы жеті ұлы мен жалғыз қызын адалдыққа, еңбекке баулып, тәрбиелеп өсірді. Марқұм еңбекқор әкесі шаруашылықта тракторшы болып қайыспас қара нар көтерер жұмыстың бел ортасында жүрді. Бүгінде ағайынды жеті ұлдың алтауы құрылысшы болса жалпы, әулеттің ішінде Болатбек қана оқалы жігіт атанды.

– «Мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ берген ұстазым Мұхтар Бисенға-

лиев, әсіресе, ұл балалардың физикалық тұрғыдан шымыр болуына қатты көңіл бөлетін. Теннис, қол күресі үйірмесіне тұрақты қатысқанымның пайдасын бүгінде өз қызметімде көріп келемін. Петропавл қаласындағы № 6637 Ішкі әскер бөлімінде азаматтық борышымды өтеп жүргенімде болашағымды тәртіп сақшысы қызметімен біржола байланыстырып қойған едім. Әскерден келген соң аға сержант шенінде Жәнібек аудандық сотында мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полицейі болып еңбек еттім. Одан кейін Жәнібек аудандық Ішкі істер бөлімінің уақытша ұстау изоляторының полиция бекетшісі болдым. Жәнібек АП бөлімінің учаскелік полиция инспекторы ретінде ауданымыздың Ақоба, Ұзынкөл, Борсы, Талов ауылдарында қоғамдық тәртіпті қадағаладым. Қызметімді атқара жүріп БҚО АТиСО академиялық колледжінде, кейін Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің заңтану факультетінде білім алдым», – дейді Болатбек Ерболатұлы.

Болатбектің басты ұстанымы – арының тазалығы, адал да әділ қызмет ете жүріп жинаған беделіне кіршіксіз қылау түсірмеу. Өз жүрек қалауымен келген қызметінің отымен кіріп, күлімен шығып жүрген Болатбекті ауданда танымайтын адам жоқ. Азаматтардың конституциялық құқығының бұзылмауы үшін тәртіп сақшысының өзі қылдай қателікке жол бермей, үнемі білімін жетілдіріп, заң шеңберінде жұмыс істеп, қажет жерде басын бәйгеге тігіп, өзіне бекітілген аумақтың әр тұрғыны туралы хабардар болатындай сұңғыла да сақ әрі байқампаз болуы қажет десек осынау қасиеттердің бәрі Болатбектей батыр жігіттің бір басынан табылады.

Аға учаскелік полицей өзіне бекітілген учаскеде жүктелген міндеттер мен заңмен белгіленген құзыреті шегінде қылмыс пен әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғауға жәрдемдесу, діни теріс ағымға түскендермен профилактикалық

жұмыс жүргізу, жастар мен жасөспірімдердің арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту жолында көмекшісі, полиция лейтенанты Айдарбек Қаресовпен бірге аянбай тер төгіп еңбектенуде.

– Өзіме бекітілген учаскемде жалпы қылмыс түрлері негізінен – ішімдіктің буына елітіп, отбасы мүшелеріне тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау, мал ұрлау және иесінің сеніп тапсырған мүлкін талан-таражға салу, пәтер ұрлығы мен киікті атып, мүйізін саудалау, мас күйінде көлік құралын тізгіндеу, интернет алаяқтарына алдану, нашақорлық фактілері бойынша тіркеліп отыр. Жақында қоңсылас қонған көршісінің қорасында тұрған қойын түнде ұрлап сойып алған жігіттің жымысқы әрекетін әшкереледім. Өкінішке қарай, «Көрші ақысы – тәңір ақысы» деген қағиданы қазық қылған халқымыздың салтын тәрк ететін, өзгенің ақ адал дүниесін оңай олжа қылғысы келетін тентектердің қазақы тәрбиенің қаймағы бұзылмаған, тұрғындардың барлығы дерлік бірін-бірі танитын ауылымыздың ішінде ішінара кездесіп қалатынына қынжыламын. Біздің мақсатымыз – әр тұрғынның өзі мен дүние мүлкі үшін алаңдамауына жағдай туғызып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Аудан бойынша жергілікті мекемелермен бірлесе отырып қылмыспен құқықбұзушылықтың және бопсалаудың, алаяқтықтың алдын алу мақсатында тұрғындармен тұрақты түрде лекция, дөңгелек үстел, жиналыс ұйымдастырып, сауалнама жүргізіп, акциялар, спорттық шаралар өткізу бұлжымас қағидамызға айналған. Алкогольдік ішімдік ішіп, жиналатын, шоғырлануы мүмкін кафелер, темір жол бекеті, көшелер мен қоғамдық орындар, есірткі тұтынылуы мүмкін құрылысы аяқталмаған және қараусыз қалған ғима-

раттарды ұдайы бақылауда ұстап, тексеріп отырамыз. Педагогикалық ұжымдармен бірге кезекшілік кестесін жасақтап, жергілікті мекемелермен бірлесіп кешкі мезгілде құқықбұзушылықты анықтау мақсатында рейдтік шаралар жүргізуді тұрақты жолға қойдық, – деп Болатбек Ерболатұлы жұмыс барысына шолу жасап өтті.

Ауылдың тыныштығы мен тәртібін қамтамасыз етуде ауыл тұрғындарымен қоян-қолтық бірлесе жұмыстанып жүрген Болатбек – қызы Ділназ бен ұлы Бекнұрдың әрі әкесі, әрі анасы болып жүрген жалғызбасты әке. 2008 жылы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Бибінұр Сағидоллақызымен отау құрды. Жас отаудың керегесі кеңіп, бірлігі бекіп, өмірге ұл-қызы келді. Үшінші сәбиін күтіп жүрген аяулы жары аяқ астынан жүрек талмасынан көз жұмды.

Бұғанасы бекімеген қос немересін Болатбектің анасы Жібек апай бауырына басып, мейірім шуағын шашып, ұлының алаңсыз жұмыс жасауына бар жағдайын жасап отыр. Ділназ бен Бекнұр Тайыр Жароков атындағы жалпы білім беретін орта мектептің оқу озаты ретінде әкесі мен әжесін қуантып өсіп келеді. 2019 жылы Жібек Оразғалиева «Офицердің анасы» медалімен марапатталды.

«Өмір» атты дарияның ішінде адамы адамнан, дүйім елден ерекшелер асыл қасиеттің өлшемдері – адал еңбек, кәсіби жоғары білік, өнегелі адамгершілік екенін даусыз дәлелдеп жүрген Болатбектей тәртіп сақшысы ұжымының мәртебесін асқақтатары анық.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
«Батыс Қазақстан облысының
мемлекеттік архиві»
КММ Жәнібек аудандық
филиалының директоры

ҰЛЫЛЫҚТЫ ДӘРІПТЕУ ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

Мамыр айындағы маңызды даталарға орай, Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігі бірқатар игі іс-шаралар ұйымдастырды.



Ұлы жеңіске – 80 жыл

Алматы облысы Кеген ауданы Жылысай ауылында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ауыл азаматтарының бастамасымен аламан бәйге өтті. Аламан бәйгеге Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» РҚБ Алматы қалалық филиалы Бостандық аудандық бөлімше жетекшісінің орынбасары Ұлан Сәлімов демеушілік етті. Жарысқа еліміздің әр өңірінен үздік сәйгүліктер қатысып, өздерінің мықтылығын көрсетті.

Батырларды ұлықтау – тарихты ұмытпау

Ел тарихын ұлықтау, ұлттық рухты асқақтату мақсатында Бостандық ауданы әкімдігінің қолдауымен жоңғар шапқын-

шылығына қарсы күресте ерекше батырлығымен еңбек сіңірген Әлмерек бабаның рухына арналған волейбол турнирі ұйымдастырылды. №200 мектеп-гимназиясының спорт залында өткен жарысқа Райымбек, Кеген аудандарынан, Ауған соғысы ардагерлерінен және Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» РҚБ-нің Алматы қаласындағы филиалдары мүшелерінен құралған 10 команда бақ сынасты. Тартысты өткен ойындардың жүлде қоры Әлмерек баба ұрпақтарының демеушілігімен жасақталды. Серік Нәсілжанұлы, Ұлан Мәлсұлы және Ербол Сәйдібақасұлы сынды азаматтар ұйымдастыру жұмыстарына белсене атсалысты.

Турнир барысында ас беріліп, баба рухына құран бағышталды. Патриоттық қозға-



лыс «Желтоқсан ақиқаты» РҚБ Төрағасы Болат Құрымбаев пен Әлмерек баба ұрпағы, «Әлмерек» тарихи-мәдени қоры» қоғамдық қорының атқарушы директоры Ысқақ Молдаәлімұлы қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

Жарыс қорытындысы бойынша Наурызбай ауданының командасы жеңімпаз атанса, Бостандық ауданы екінші, Жетісу ауданы үшінші орынды иеленді. Алатау ауданының командасы ынталандыру сыйлығына лайық деп танылды.

Қуғын-сүргін құрбандарына тағзым

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай Алматы қаласында және Алматы облысында нәубет жылдардың құрбандарын еске алу шаралары өтті. Қаладағы «Қарағайлы» скверіндегі көрнекті қайраткер Сұлтанбек Қожановтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Сонымен қатар, Алматы облысы, Жаңалық ауылындағы Боралдай сайында орнатылған қуғын-сүргін құрбандары ескерткішіне де гүл шоқтары қойылып, рухтарына құран бағышталды. Бұл шаралар саяси қуғын-сүр-

гін құрбандарын еске алу, олардың ерлігін ұлықтау және тарихтан сабақ алу мақсатында ұйымдастырылды. Сонымен қатар, сол күні Алматы қаласы Наурызбай ауданының Отбасылық оқу кітапханасында біздің қоғамның ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өткізіліп, Сұлтанбек Қожановтың өмірі мен тағдырына арналған естеліктер ортаға салынды. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткерінің немересі – Әріп Қабыланов атасы туралы өмірдеректерді ортаға салды.

Балаларға қуаныш сыйлаған мереке

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні Алматы қаласының Алатау ауданында ерекше аталып өтті. Бұл күні бірнеше ұйымның күші біріктіріліп, ауқымды шара ұйымдастырылды. Атап айтсақ, Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» РҚБ, «Нұрлы шуақ» қоғамдық қоры және «Парасатты жастар» қоғамдық бірлестігі, сондай-ақ, Алматы қаласы мен Алатау ауданының әкімдіктері бірлесіп мерекелік іс-шара өткізді.

Бұл шараға Алатау ауданының тұрғындары мен оқушылар белсене қатысты. Қонақтар концерттік бағдарламаны тамашалап, цирк артистерінің өнеріне тәнті болды. Балалар шығармашылық үйінің жас суретшілері өздерінің керемет туындыларымен көрме ұйымдастырып көрермендерді қуантты.

Мерекелік шараға Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаев пен Алматы қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Зәуреш Аманжолова арнайы келіп балаларды құттықтап тілектерін білдірді. Аталған шараның өтуіне Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» РҚБ Алматы қалалық филиалы Алатау аудандық бөлімінің жетекшісі Елтай Козадилов пен бірлестік мүшелері Бақытбек Әлдибеков және Ұлан Сәлімовтер іс-шараны ұйымдастыруда қаржылай қолдау көрсетіп, шараға қатысқан оқушыларға сыйлық берілді.

Серік НӘСІЛЖАНҰЛЫ
АЛМАТЫ

ЗАҢ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
75849

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және спорт министрлігінде тіркелген
Күәлік №5702-г, 2005 жыл, 10 ақпан

Жарияланған мақала авторларының
пікірлері редакция көзқарасымен сәйкес келе
бермеуі мүмкін

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі, 68 «б» үй.
Телефондар: 8727-2-92-43-43, 8727-2-92-79-61 (факс)

ЖУРНАЛДА ЖАРИЯЛАНАТЫН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- МАҚАЛАҒА ҰСЫНЫС ХАТ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ТҮЙІН ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- МАҚАЛАҒА ҚОСА, МӘТІННІҢ ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАСЫ ЖӘНЕ АВТОРДЫҢ ФОТОСУРЕТІ ҚОСА ТАБЫСТАЛУЫ ТИІС;
- ІЛЕСПЕ ХАТТА АВТОРДЫҢ АТЫ-ЖӨНІ, ҚЫЗМЕТІ, ҒЫЛЫМИ АТАҒЫ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ СОҢЫНДА ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ КӨРСЕТІЛУІ ТИІС;
- МАҚАЛАНЫҢ КӨЛЕМІ 14-КЕГЛЬМЕН ТЕРІЛГЕН 9-10 БЕТТЕН АСПАҒАНЫ ЖӨН;
- МАҚАЛАНЫҢ МАЗМҰНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АВТОР КӨТЕРЕДІ.

Теруге 10.6.2025 ж. жіберілді. Басуға 20.6.2025 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x90 1/8. Тапсырыс № 6. Таралым 1500.

Журнал айына бір рет жарық көреді.

Журналдың терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң»МК» ЖШС-нің компьютерлік
орталығында жасалды. Офсеттік басылым

«Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылды. Алматы облысы, Өтеген батыр кенті,
Сейфуллин көшесі, 2 «в» үй,

Телефондар: факс 8727-2-51-78-27, 8727-2-51-78-31

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ МАҢЫЗДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ZANMEDIA.KZ

ВСЕ СВЕЖИЕ НОВОСТИ КАЗАХСТАНА

Біздің басылымдарда:

- ✓ өз компанияңыз туралы PR-мақалалар;
- ✓ модульдық немесе, өзге де жарнамалар;
- ✓ кезекті аукцион немесе, өзге де сауда-саттық туралы хабарлама;
- ✓ өз компанияңыздың жылдық балансын немесе қаржылық есептерін жариялауға мүмкіндіктеріңіз бар.

Вы можете:

- ✓ Опубликовать PR-статью о вашей компании
- ✓ Опубликовать модульную или имиджевую рекламу
- ✓ Оповестить об очередном аукционе или проводимых торгах
- ✓ Опубликовать годовой баланс вашей компании или финансовую отчетность

Байланыс телефондарымыз:

Басылымға жазылу құны және оны
рәсімдеу мәселелері бойынша:

8 (727) 292 29 27

Жарнама мәселелері бойынша
телефондар:

8 (727) 292 29 27, 292 29 92

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

Контактные телефоны:

По вопросам стоимости и оформления
подписки и издания:

8 (727) 292 29 27

Телефоны для рекламы:

8 (727) 292 29 27, 292 40 89

E-mail: **zanreklama@mail.ru**

БАСПАХАНА МЕКЕНЖАЙЫ:

Өтеген батыр кенті, Сейфуллин көшесі, 2В үй.

Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27

тел.: 8 /727/ 251-78-31

«Принт Плюс» ЖШС

Адрес типографии:

пос. Утеген батыр, ул. Сейфуллина, дом 2В.

Тел/факс: 8 /727/ 251-78-27

тел.: 8 /727/ 251-78-31

ТОО «Принт Плюс»